AIQYN

СЕЙСЕНБІ
№10 (4062)
25.01.2022

www.aikyn.kz e-mail: aikyngazeti@gmail.com www.facebook.com/aikyn.kz @aikyngazeti

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ РУСТАМ МИННИХАНОВПЕН КЕЗДЕСТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Татарстан Президенті Рустам Минниханов ты қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға жұмыс сапарымен келген Татарстан Президенті Рустам Минниханов ты қабылдады. Тараптар сауда-экономикалық, өнеркәсіп және технология салаларындағы өзара ынтымақтастықты нығайтудың перспективаларын талқылады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Рустам Минниханов қа ілтипат білдіріп, Ресей Федерациясымен арадағы көпжақты қатынастарды дамыту ісінде Татарстанның маңызды орын алатынын атап өтті.

Мемлекет басшысының айтуынша, Татарстан Қазақстанмен экономикалық, өнеркәсіптік және технологиялық ынтымақтастықты нығайту деңгейі бойынша Ресей Федерациясы субъектілерінің ішінде көш бастап келеді. 2021 жылдың 11 айының қорытындысы бойынша өзара тауар айналымы 423 миллион долларға жеткен.

«КамАЗ» және «Татнефть» компанияларының қатысуымен машина жасау саласында құны 1,8 миллиард доллар болатын жобалардың жүзеге асырылуы – осындай табысты ынтымақтастықтың жарқын көрінісі. Қостанай және Қарағанды облыстарында «КамАЗ» автобөлшектері мен «Татнефть» дөңгелектерін шығаратын үш зауыттың құрылысы белсенді жүргізілуде.

Мемлекет басшысы Қазақстанның инвесторларға, оның ішінде Татарстанның инвесторларына қолайлы болу үшін қажетті жағдайдың бәрін жасайтынына назар аударды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Рустам Минниханов қа Татарстанмен бірлескен жобаларды жүзеге асыру үшін қосымша мүмкіндіктер туғызатын елде жүргізіліп жатқан ауқымды экономикалық реформалар мен нақты даму бағдарламалары туралы айтты.

Татарстан Президенті жылы қабылдағаны үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс білдіріп, қазақстандық серіктестермен ықпалдастықты нығайту жөніндегі бірқатар инвестициялық жобалар мен татар бизнесі жоспарының жүзеге асырылу барысы туралы мәлімет берді.

ҚОРДЫҢ ТАҒДЫРЫ «ҚЫЛ» ҮСТІНДЕ

Елдар ҚАБА *(коллаж)*

Еліміздегі ең үлкен қор Президенттің сынына ұшырады. Мемлекет басшысының «Самұрық Қазынаны» қырына алуының бірден-бір себебі – акционерлік қоғам жұмысының «көлеңкелі» тұстарының көп болуы. Миллиондап табыс табатын қызметкерлердің жұмысының тиімділігіне көз жеткізу қиын. Қордағы мемлекеттік сатып алу дегеніңіз – аузында қара құлпы бар «алтын сандық». Президент қор жұмысына қатысты көп нәрсені өзгерту керек екенін қадап айтты. Күні кеше қор төрағасы ұйымды реформалау басталғанын айтты. Алайда ол реформаның нәтижесі қызметкерлер мен басшыларды қысқартумен ғана шектеліп қалмай ма?

Бұған дейін «Самұрық-Қазына» жұмысының тиімсіздігі Есеп комитетінің есептерінде талай айтылды. Сондықтан да қазір қоғамда қорды реформалау бойынша қызу пікірталас жүріп жатыр. Бүгінде бұл қордың активі еліміздің ішкі жалпы өнімінің 60 пайызы. Демек, ол тиімді жұмыс атқарса, мемлекеттің экономикалық өсімі де қарқынды дамыған болар еді. Алайда ел сенген «Самұрық-Қазына» өздерінің қызметін ойдағыдай атқара алмады.

(Жалғасы 4-бетте)

«ЖҰМАҚ» ІЗДЕГЕН ЖАСТАР

Соңғы 5 жылда Қазақстаннан кететіндер саны күрт көбейіп, келетіндер азайған. Жаппай тәртіпсіздіктер кезінде тағы 64 мыңнан аса адам елді тастап, кете барды. Әдетте қазақтар әлем елдерін бағындыруда, беделді компанияларда жұмыс істеп жүр деп мақтанамыз, ал олардың Қазақстанға қайтып келгісі келе ме? Әрине, кім қайда кетсе де, тосқауыл болуға, жазғыруға да хақымыз жоқ. Дегенмен Үкімет нені түзетуі керек? «Оралғым келмейді» дейтіндердің базынасы бар ма?

5 ▸▸

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚПЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚҚА ӘРҚАШАН ДАЙЫН

Бұл туралы Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Twitter парақшасында жазды. Онда: «Қазақстан халықаралық қоғамдастықпен жан-жақты ынтымақтастыққа әрқашан дайын. Еліміз бен халқымыздың игілігі үшін серіктестерімізбен арадағы тығыз байланыстарды нығайту ісін жалғастырамыз. Біздің «ашық есік» инвестициялық саясатымыз да өзгермейді» делінген.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ САММИТКЕ ҚАТЫСАДЫ

Бұл туралы Президенттің баспасөз хатшысы Берік Уәли өзінің Facebook парақшасында жазды. Онда: «Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 25 қаңтарда дипломатиялық қатынастардың 30 жылдығына арналған «Орталық Азия – ҚХР» атты саммитке қатысады. Онлайн форматта өтетін жиынға Қытай тарапы бастамашы болды.

Көшбасшылар түрлі салалар бойынша Орталық Азия елдері мен Қытай арасындағы көпжақты стратегиялық ынтымақтастықтың даму перспективаларын талқылайды.

Іс-шара қорытындысы бойынша дипломатиялық қатынастардың 30 жылдығына байланысты Бірлескен мәлімдеме қабылданады деп жоспарланған», – делінген.

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН: «ДИНОЗАВРЛАР ДӘУІРІ» АЯҚТАЛА МА?

Отандық ірі бизнес өкілдерімен жеке жүздескен Президент Қ.Тоқаев «жаңа Қазақстанда» бизнес үшін жаңа ойын ережелері қандай болатынын нақты айтып берді. Қазақстан байлығының жартысы небәрі 162 адамның қолында шоғырланған. Мұндай тәжірибеге жаңарған Қазақ елінде жол жоқ: ұлттық табыстың әділ бөлінуіне баса мән беріледі. Алайда жаппай «кәмпескелеу» науқаны да жүзеге асырылмайды. Осы орайда біз сарапшылардан бизнеске жолданған «месседждердің» мәнісі, жаңа Қазақстанның даму барысы туралы ойын білдік.

ТОНАУ ТОНАУҒА ҰЛАСПАЙДЫ

Саяси ғылымдардың докторы Ермұхамет Ертісбаев ресейлік «Эхо Москвы» радиосына берген сұхбатында дәл Кеңес кезіндегідей «экспроприаторларды экспроприациялау», яғни қанаушыларды қанау науқаны болмайтынын мәлімдеді. Оның пікірінше, «Қ.Тоқаев олигархтарға тек шетелге әкеткен қаражаттарын елге әкеліп, халықтың игілігіне, қазақстандық экономиканың дамуына жұмсауды жүктеді». Өйткені бұған дейінгі жылдары жүргізілген қаржы мен мүлік рақымшылығы тек заңсыз табылған қаражатты заңдастыруға ғана қызмет етті, капитал сол бойы елге қайтпады.

(Жалғасы 4-бетте)

ЖАСЫРЫН ЖҰМЫССЫЗДЫҚ ЖАРҒА ЖЫҒАДЫ

Үкімет ашып жатқан жұмыс орындары халықты кедейшіліктен құтқара алмайды. Өйткені онымен күресуге жауаптанған ведомстволар нақты нәтижені емес, тек қысқамерзімді әсер факторды таңдайды. Ал мемлекеттік бағдарламалардың арқасында өз кәсібін дөңгелетіп әкеткендердің көрсеткіші тым жұпыны, сондай-ақ жыл сайын оқу орнын бітірушілердің елеулі бөлігі жұмыссыздар армиясын көбейте түседі.

Қазақстан тәуелсіздік алғалы бері әлеуметтік мемлекет ретінде дамып келеді. Алайда қаңтар айының басындағы трагедиялық оқиғалар, халықтың бейбіт шеруде айтқан талаптары «еститін үкіметке» елдегі әлеуметтік-экономикалық проблемалардың қаншалықты ушығып кеткенін көрсетіп берді. Экономист Марат Қайырленов мұның сырын көптеген бағдарламаның сапалық тұрғысынан сын көтермейтіндігінен деп түсіндіреді:

«Біріншіден, Үкіметтегі халықты еңбекпен қамтуға жауапты мамандардың кәсіби біліктілігі төмен. Салдарынан жобалар о баста дұрыс сарапталмайды, оларды іске асыру кезінде жемқорлыққа жол беріледі және қатаң қадағалау жасалмайды. Екіншіден, жобаларды жүзеге асыруы тиіс мемлекеттік механизмдердің өзі егжей-тегжейлі нақтыланбаған. Сондай-ақ Қазақстанда кәсіпкерлерге қаржылай көмек көрсететін 32 мемлекеттік қолдау институтының атқарымдық функциялары бірбірімен шатысып жатыр. Адамдар соның бәріне барып, сабылып жүреді», – дейді экономист.

Елдар ҚАБА *(коллаж)*

(Жалғасы 3-бетте)

ЕЛДІҢ ШЕТІНДЕ, ЖЕЛДІҢ ӨТІНДЕ ҚАЛМАСЫН

Сөз жоқ, шекараны шегендеп, оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету – тәуелсіздігіміздің басты жетістігі. Дегенмен дәл осы шекара сызығына таяқ тастам жерде күн кешетін халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайы мәз емес. Ресми статистика тәуелсіздіктің алғашқы жылдарымен салыстырғанда бүгінде шекараны бойлай қоныстанғандар санының бірнеше есе азайғанын айғақтайды. Тұрғындар санының кемуін былай қойғанда, шекара маңындағы елді мекендердің кейбірі әне-міне картадан жойылып кеткелі тұр.

6 ▸▸

e-mail: aikyngazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti

Әкімдіктің ұрланған мүліктері табылды

Жаппай тәртіпсіздіктер кезінде біраз қаланың әкімдігіне залал келді. Тонаушылардың біразы бейнекамераға түсіп қалған. Соның арқасында қарақшыларды тауып, қолды болған мүліктер тәркіленіп жатыр. ІІМ Алматы облысы әкімдігінің ғимаратынан техника ұрлаған күдіктілердің ұсталғанын хабарлады.

Полиция қызметкерлері жаппай тәртіпсіздік кезінде жасалған кезекті ұрлықты ашты. Алматы облысының Полиция департаментінің Экстремизмге қарсы іс-қимыл басқармасының қызметкерлері Талдықорған қалалық Полиция басқармасының қызметкерлерімен бірлесіп, бүлік кезінде облыс әкімдігі ғимаратын тонаған күдіктілерді анықтады.

«Жедел-іздестіру іс-шаралары барысында Талдықорған қаласының 41, 37 және 24 жастағы үш тұрғыны ұсталды. Олар 5-7 қаңтар аралығында облыстық әкімдік ғимаратына заңсыз кіру арқылы тұрмыстық техниканы ұрлаған деген күдікке ілікті. Олар екі тоңазытқыш, екі кондиционер, мультипісіргіш, кеңсе креслосын, су сорғысын және басқасын ұрлаған», – деді Алматы облысы ПД Экстремизмге қарсы іс-қимыл басқармасының бастығы Руслан Найзабасов.

Оның мәліметінше, күдіктілерге қатысты Қылмыстық кодекстің 188-бабының 3-бөлігі бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу басталды. Күдіктілер кінәсын мойындаған, олар уақытша ұстау изоляторына қамалды. Өзге ақпарат тергеу мүддесі үшін жария етілмейді.

Ерік ЕРДЕНОВ

Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары ұсталды

Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары Ғалымжан Ниязов ұсталды. Бұл туралы yyedilov Телеграм-арнасы хабарлады.

«Ол қызметтік өкілеттігін асыра пайдалану фактісі бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру аясында ұсталды. Өйткені сұйылтылған газдың бағасын көтеру салдарынан Маңғыстау облысында халық көтеріліп, жаппай наразылыққа шықты және т.б.», – делінген хабарламада.

Ш.КҮЗЕКБАЙ

Басшы да, қосшы да қысқарады

«Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамы басқармасының шешімімен 4 еншілес компанияның басшысы қызметінен мерзімінен бұрын босатылды.

Атап айтқанда, «Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС бас директоры А.Сұлтанов, Samruk-Kazyna Construction АҚ басқарма төрағасы Б.Сандықбаев, «Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС бас директоры А.Ақылов, «Самұрық-Қазына Бизнес Сервис» ЖШС бас директоры С.Елшібеков уәкілеттіктері мерзімінен бұрын аяқталды.

Сонымен бірге басқарма Үкіметке жолданатын қорды реформалау бағдарламасын дайындау мерзімдерін бекітті.

Жаңа ұйымдық құрылым бекітілді. Оған сәйкес, қор қызметкерлері (248-ден 124-ке дейін) мен басқарушылар саны (10-нан 5-ке) екі есе қысқарады. Құрылымдық бөлімдерде де қысқарту жүргізіледі. Мұнан бөлек қордың шетелдегі өкілдіктерін жабу туралы шешім қабылданды.

Ш.АТЫХАНҰЛЫ

Қымбатқа түскен қауіпсіздік

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің экс-төрағасы Кәрім Мәсімов басшылық еткен тұста құзырлы органның қаржылық шығыны 1,7 триллион теңге болған.

«Қаңтар трагедиясы» кезінде мемлекетке опасыздық жасады деген күдікпен ұсталған Кәрім Қажымханұлы құпия қызметтің тізгінін 2016 жылы қолға алды. Содан бастап Ұлттық қауіпсіздік комитетін қаржыландыру көлемі жыл санап артып отырған. Мәселен, 2016 жылы бұл салаға 162,3 миллиард теңге қаржы қарастырылса, 2020 жылы құзырлы органның қаржылық шығыны 423,6 миллиард теңгеге дейін ұлғайған екен.

Ш.КҮЗЕКБАЙ

Еркебұлан ДҮЙСЕБОЛАТОВ *(коллаж)*

Шәкіртақы тағы өседі

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, 2022 жылғы 1 қыркүйектен бастап қазақстандық жоғары оқу орындарында оқитын студенттердің стипендиясы 20%-ға, магистранттар мен докторанттардың стипендиясы 15%-ға артады. Яғни, шәкіртақы жыл сайын өсіп жатыр.

Бұған дейін білім қуған жастар жаңа оқу жылында жоғарылатылған стипендия ала бастаған еді: 2021 жылдың қыркүйек айында бакалавр стипендиясының мөлшері 20%-ға, магистранттар мен докторанттар стипендиясының мөлшері 15%-ға ұлғайды. Осылайша, қазір студенттердің шәкіртақысы 31 423 теңге, магистранттардікі – 76 950 теңге, докторанттардікі – 172 500 теңге.

«Биылғы қыркүйек айынан бастап студенттердің стипендиясы тағы да 20%-ға өседі. Мысалы, педагогика мамандарын даярлау бағыты бойынша оқитын студенттер 58 мың теңгеден астам, басқа бағыттар бойынша білім алатындар 37 мың теңгеге жуық шәкіртақы ала бастайды. Магистранттардың шәкіртақысы 86 987 теңгеге дейін, докторанттардың шәкіртақысы 195 000 теңгеге дейін өседі», – деді БҒМ-нің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаментінің директоры Әділет Тойбаев.

Елдос СЕНБАЙ

Бүлік кезінде ҚАРУ ТОНАҒАНДАР

Еліміздің ішкі істер органдары қаңтардың басында болған жаппай тәртіпсіздік кезінде жоғалған, ұрланған қаруларды іздеп жатыр. Бұған қоса ел ішінде бұрыннан заңсыз сақталған қарулар да полиция қолына өтпек.

Таяуда Жамбыл облысында екі азаматтан заңсыз қару табылды. Рейд кезінде Досбол ауылының 43 жастағы тұрғынынан тіркелмеген 12 калибрлі тегіс ұңғылы аңшы мылтығы, 10 оқдәрі, 5 гильза және 4 қолдан жасалған пышақ шыққан. Сондай-ақ 24 жастағы осы ауылдың тұрғыны да аңшы мылтығын заңсыз сақтапты. Енді оларға қатысты әкімшілік хаттама толтырылды. Мұнымен қоймай Тараз қаласында арықтың ішінен иесіз қару-жарақ табылған. Қапқа оралған құралдардың арасында тегіс саңылаулы «Эскорт» атыс қаруы шыққан. Аталған қаруға арнайы сот-баллистикалық сараптама тағайындалды. Қазір сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған.

Ал Қызылорда полицейлері жергілікті тұрғынның үйінен әскерилерге тиесілі қаруды тапты. Азамат АК-74 пен БП-25 қаруын 5 қаңтарда болған жаппай тәртіпсіздік кезінде тауып алғанын айтқан. Қазір Қылмыстық кодекстің бірнеше бабы бойынша сотқа дейінгі тергеу жүргізіліп жатыр. Күдікті уақытша ұстау изоляторына қамалған. Полицейлер бұл тұста қарудың, оқ-дәрілердің, арнайы құралдардың орны туралы хабарлаған немесе оларды полицияға өз еркімен тапсырған адам қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікке тартылмайтынын ескертіп отыр.

М.ТӨЛЕУ

Блок-бекеттер ӘЛІ АЛЫНБАҒАН

Алматы қаласында төтенше жағдай режимі алынып тасталса да, қалаға кіреберістерде орнатылған блок-бекеттер жұмысын жалғастырып жатыр. Себебі аймақта террористік қауіптің «қызыл» деңгейі әлі де сақталып тұрғанға ұқсайды.

Қаланың аумағына бойынша ашылған бес стационарлық блок-бекет 8 қаңтардан бастап жұмыс істеп тұр. Оларға полиция қызметкерлерімен бірге Қарулы Күштердің 170-тен астам әскери қызметшісі кезекшілік етеді. Жауынгерлік техникалар да орнатылған. Күзетшілері әр автомобильді іріктеп тексереді. Блок-бекеттер «Гүлдала» кентінде, Думан шағынауданында, Жандосов және Карьерная көшелерінің қиылысында, Қапшағай трассасында және Райымбек даңғылындағы «Алтынорда» базары ауданында орнатылған. Ал ведомство әзірге құқық қорғау органдарының жұмысына түсініспен қарауды сұрап отыр.

М.ЖАЛҒАСҰЛЫ

ЖОСПАРЛАНҒАН ЖОБАЛАР ЖҮЗЕГЕ АСТЫ

«Nur Otan» партиясы Түркістан облыстық филиалының ғимаратында аудандық, қалалық филиал төрағаларының бірінші орынбасарларымен мәжіліс өтті. Оған облыстық филиал төрағасының бірінші орынбасары, фракция жетекшісі Бейсен Тәжібаев төрағалық етті. Күн тәртібінде 2021 жылғы атқарылған жұмыстарды зерделеу, биылғы жоспарларды айқындау мен партияның ішкі жұмыстары қаралды.

Облыстық партия филиалы төрағасының бірінші орынбасары Бейсен Дәулетұлы партияның атқаруға міндетті барлық бағыттарына жекелей тоқталды. Облыстық және аумақтық филиалдарының жұмыстарындағы оң нәтижелермен бөлісіп, сын-ескертпелер айтты.

«2021 жыл қорытындысы бойынша партияның қоғамдық қабылдау бөлмелеріне 22,6 мың адам жүгінген. Оларды қарау нәтижелері бойынша 15,8 мың мәселе оңтайлы шешіліп, 6,6 мың өтініш қаралып жатыр. Былтыр жалпы саны 3 095 қоғамдық қабылдау өткізілген. Депутаттар, әкімдер мен әкім орынбасарлары, мемлекеттік орган басшылары, тіпті заңгерлер, адвокаттар мен медиатор қызметкерлері партияның облыстық, аумақтық филиалдарында және ауылды жерлерде жеке, көшпелі қоғамдық қабылдаулар өткізіп, тұрғындармен жүзбе-жүз кездесті. Әрбір арыз-өтініш назардан тыс қалмады. Яғни азаматтармен жұмыс жүргізуде айтарлықтай жетістіктер бар. Осы бағыттағы жұмыстарды тағы да жетілдіруді тапсырамын» – деді Б.Тәжібаев.

Сондай-ақ «Ардагерлерді ардақтайық», «Бақытты отбасы», «Қамқорлық» және «Ұлттық мұра» партиялық жобаларына да тоқталды. 2020 жылдан бастап «Қамқорлық» бағдарламасы бойынша 2 жылда 2 679 адамға көмек көрсетілді. Оның ішінде тұрмысы төмен 66 азаматқа тұрғын үй берілсе, 90 адам тұрақты жұмыспен қамтылып, 230 адам ақылы қоғамдық жұмысқа тартылған. 2 293 азаматқа азық-түлік, киім-кешек үлестіру секілді материалдық көмек көрсетілген.

Филиал төрағасының бірінші орынбасары Түркістан облысы бойынша партияның сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі мониторинг жұмыстарын да тарқатып айтты. Орындалмау қаупі бар жобаларға тоқталды.

«Былтырғы жыл қорытындысы бойынша сайлауалды бағдарламадағы 1 595 іс-шараның 91,7%-ы іске асты, 6%-ы орындалу үстінде. Ал 421 іс-шараның басталу мерзімі бар. Халықтың тұрмыс-тіршілігін жақсарту мен ел экономикасын дамыту бағытында бағдарлама барлық саланы қамтитыны белгілі. Нақты іс-шаралар жоспарын қамтитын Жол картасы бар. Енді жұмыла кірісіп, оң нәтижелерді көрсету керек. Маңызды жобаларды қаржыландыруды мәслихат депутаттарымен, жергілікті әкімдікпен қоян-қолтық араласып, орындату қажет», – деді Б.Дәулетұлы.

Сондай-ақ бөлім басшылары Нұрлан Мейірқұлов пен Бекзат Біләловтің хабарламалары тыңдалды. Олар 2021 жылда атқарылған жұмыстарға жүргізген талдауларын баяндап, 2022 жылға қойылатын талаптарды айтты. Партия атынан ұсынылған облыстық, аудандық мәслихат депутаттарының рейтинг жүйесі қалыптасып, бүгінде жүйелі жұмыс істеп тұр. 6 ай сайын депутаттардың атқарған жұмыстары зерделенетін болады. Алғашқы нәтижелер ақпан айында жарияланады.

Би-Барыс КӨКШЕ

МҰҚТАЖ ЖАНДАРҒА КӨМЕК КӨРСЕТІЛДІ

Жыл басынан бері 15 мыңнан астам алматылық мұқтаж жанға мәслихаттағы «Nur Otan» партиясы мен басқа да партиялар фракциялары тарапынан азық-түлік себеттері мен дәрі-дәрмек сатып алу үшін ақшалай көмек берілді.

Тек соңғы үш тәулік ішінде 10 аурухана азық-түлікпен қамтамасыз етілді. Төтенше жағдай кезінде зардап шеккен азаматтарға, құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілерге қан тапсыру ұйымдастырылып, оған қалалық мәслихаттың 40 депутаты мен партия белсенділері қатысқан.

Партияның депутаттық фракция мүшелері Г.Бекенова, М.Сүлеев, М.Финогенов, З.Өмірбаева, А.Нәбиев және партия белсендісі Н.Даут түрлі дәрежедегі жарақат алған әскери қызметшілерге және Ұлттық ұлан бөлімшесіне барды. Оларға қолдау және алғыс айтылды. Сондай-ақ материалдық көмек көрсетілді.

Жалпы айтқанда, нұротандықтар Алматының барлық аудандарында мұқтаждарға ақшалай көмек көрсетті. Мысалы, «Арт Сәулет» ЖШС (Бауыржан Қайынбаев) және Ordabasy Group корпорациясы (Сабыржан Зайнидинов) қайырымдылық көмекке 35,5 млн теңгеден, «АтриксСтрой» ЖШС (Әміржан Нәбиев) 21 млн теңге, «КазФерроСталь» ЖШС (Аида Бекманова) 6,8 млн теңге және «АЗМК» ЖШС (Шухрад Шардинов) 6 млн теңге бөлді.

Би-Барыс КӨКШЕ

4 МЫҢ ЖҰМЫС ОРНЫ АШЫЛДЫ

Кеше «Nur Otan» партиясы Павлодар облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Илья Теренченко кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі Өңірлік үйлестіру кеңесінің отырысына қатысты.

Күн тәртібінде үйлестіру кеңесі «Бизнестің Жол картасы – 2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде өндірістік инфрақұрылымды қалыптастыру жөніндегі 4 жобаны қарастырды. Олар – «Масакпай Инвест» ЖШС, «Ақжар Өндіріс» ЖШС, «Бастаушы-AGRO» ЖШС және «КХ «Лидер PVL» ЖШС.

«Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасының Жол картасы аясында инвестициялық жобаларды тарту – басты шарттың бірі»,– деді филиал төрағасының бірінші орынбасары Илья Теренченко.

2021 жылы Павлодар облысында шамамен 305 миллиард теңге инвестиция тартылды. Олардың есебінен 4 мың жаңа жұмыс орны құрылып, 12 ірі жоба іске асырылды. Тек аграрлық секторда ғана 30 инвестициялық жоба қосылды.

Би-Барыс КӨКШЕ

ЖАСЫРЫН ЖҰМЫССЫЗДЫҚ ЖАРҒА ЖЫҒАДЫ

(Басы 1-бетте)

Дәулет АСАУ

Оның айтуынша, былтыр кейбір өңірлерде «Еңбекпен қамту» бағдарламасы үшін қарастырылған қаржы жыл аяқталар шақта ғана – қазан-қараша айында түскен. Ал 2-3 айда игермесе, кейін алып қоямыз деп тағы қорқытады. Сондықтан жоба операторлары бөлінген ақшаны қалай болса солай жаратуға жанталасады. Мұнан кейін қандай жұмыс сапасы туралы айтуға болады?!

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Серік Шәпкеновтің айтуынша, Қазақстанда 6,7 млн адам жұмыс істейтін 340 мыңнан астам белсенді кәсіпорын бар. Ал жұмыссыздар саны 450 753 адамды құраған. Алайда жасырын жұмыссыздық деңгейінің одан әлдеқайда жоғары екені белгілі.

Айталық, былтыр көптеген дамыған елде эпидемиологиялық ахуалға байланысты еңбек нарығындағы жағдай құлдырап, жұмыссыздық көрсеткіші 10-15%-ды маңайлаған. Мәселен, АҚШ-та жұмыссыздық деңгейі бір жылда – 8,1%-ға дейін, Канадада – 9,6%-ға, Испанияда 15,5%-ға дейін артқан. ТМД-ның басқа елдерінде де жұмыссыздықтың өскені байқалады: Арменияда (+4 пунктке), Әзербайжанда (+2,3 пунктке), Украинада (+1,7 пунктке), Өзбекстанда (+1,6 пунктке).

Ал біздегі жұмыссыздық 2020 жылы небәрі 0,1 пунктке артып, 4,9%-ды құраса, 2021 жылғы ресми статистика сол қалпында қалып отыр. Бұған қарап, Қазақстан жұмыссыздықпен күресте әлем елдерінің алдына шығып кеткен бе дерсің?! Бірақ ол цифрға әлеумет те, сарапшылар да сенбейді.

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАРДЫҢ ПӘРМЕНІ ЖОҚ

Республикалық бюджеттің жартысынан астам бөлігі әлеуметтік салаға бөлініп, халықтың тұрмысын жақсартуға бағытталады. Бірақ осы қаржыны халық игілігі үшін тиімді пайдалану тұрғысынан келгенде кем-кетік көл-көсір.

«Жұмыссыздық деңгейін төмендету шығындарының едәуір бөлігі уақытша жұмыс орындарын ашуға жұмсалған. Соның салдарынан адамдар орташа алғанда небәрі 1-3 айға ғана уақытша еңбекпен қамтылады. Еңбек министрлігі мен әкімдіктер көп жағдайда жүздеген миллиард құйылып жатқан еңбек бағдарламалары аясында жылдам орындалатын, тиімділігі аз жобаларға басымдық береді. Есеп комитетінің дерегінше, дағдарысқа қарсы жобалардың бар-жоғы 14%-ы ұзақмерзімді экономикалық активтерді және объектілерді құруға бағытталған. Осыдан әлеуметтік саланың әлсіздігін өтейтін әдеттегі модель сәтсіздікке ұшырай бастады»,– деді Парламент Сенатының депутаты Айгүл Қапбарова.

Сондай-ақ мемлекет тарапынан кәсіпкерлерге қаржылай қолдау көрсету ісі де ақсап жатыр. Мәселен, отандық өндірушілерге «Еңбек» бағдарламасы шеңберінде микронесие беріледі. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, сол арқылы шағын және орта бизнестің ЖІӨ-дегі үлесін 2025 жылға қарай 35%-ға дейін жеткізу, жұмыспен қамтылғандар санын 4 миллион адамға дейін ұлғайту көзделген. Алайда микронесиелерді бөлумен бірнеше мемлекеттік органдардың қаржы институттары айналысатындықтан, бұл істе бірізділік жоқ. Соның кесірінен қазынадан бөлінген несиенің құны 0,01%-дан 6,0%-ға дейін қымбаттаған.

Одан бөлек, 2017-2021 жылдары «Бастау Бизнес» жобасы бойынша 165 мың тыңдаушыны оқытуға мемлекеттік көздерден 13,1 млрд теңге қарастырылған. Бірақ қазынадан мұншама қаржы құйылған жобаның нәтижесі көңіл көншітпейді. Соңғы үш жыл ішінде жобаға қатысқандардың тек 24,4%-ы өз бизнесін ашқан. Сондай-ақ жұмыс орындарының тапшылығынан немесе жалақының мардымсыздығынан жыл сайын ЖОО бітірген жастардың елеулі бөлігі екі қолдарына бір күрек таппай, сенделіп жүр: 2018-2020 жылдары аралығында жұмыссыз түлектердің үлесі 76,2%-дан 68,2%-ға төмендеген. Тағы бір мәселе, «Серпін» жобасы бойынша 2018-2020 жылдары берілген гранттардың 55%-ы талап етілмеген күйінде қалған.

Сенатор «Жұмыспен қамтудың Жол картасы» бағдарламасына бөлінген қаражаттың тиімді жұмсалуын қатаң қадағалау қажет деп санайды. Сондай-ақ қолданыстағы «Еңбек» бағдарламасына қосымша инфрақұрылым объектілерін салу және дамыту есебінен жұмыс орындарын көбейту керегін айтады.

«Өзін-өзі «өнімді жұмыспен» немесе «өнімсіз жұмыспен» қамтитын деген түсініксіз санаттағы адамдардың күнкөріс деңгейі әлеуметтік тұрғыдан кешенді зерттелуі тиіс. Икемді еңбек нарығын жетілдіргенде алдымен қоғам дамуының ең басты авангарды – жастарды тұрақты жұмыспен қамту мәселесін шешу керек», – деп түйіндеді Айгүл Қапбарова.

АУЫЛДЫҚТАР ЕКІ ҚОЛҒА БІР КҮРЕК ТАППАЙ ЖҮР

Жалған статистика ауылдағы нақты жұмыссыздық жағдайын да жасырып, жауып тұр. Шалғай жерлерде көптеген тұрмыстық-әлеуметтік мәселелердің шешілмеуінен ішкі көш-қон жылдан-жылға ұлғая түскен. Тек 2019-2020 жылдары ауылдан қалаға 880 мың адам қоныс аударған. Қазір еңбекке қабілетті халықтың 41 %-ы ауылдан қалаға көшуді қалайды. Ал ірі мегаполистерде тұрғындар санының өсуі еңбек нарығына қысымды одан сайын күшейте түспек.

Әрине, урбанизацияның әлемдік үрдіс екені түсінікті, бірақ оны реттеп отыру керек қой. Егер қалаларға жаппай қоныстану басталса, ауыл шаруашылығында кім жұмыс істейді, мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін қалай қамтамасыз етеміз? Шекаралас аудандар қалай қорғалмақ? Ауылдық аймақтардың ахуалын реттеу экономикалық қана емес, саяси, стратегиялық маңызы бар күрделі мәселе.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік органдардың құрғақ цифрлар ойнын доғарып, елдің тұрмысын жақсарту бойынша нақты тапсырма берді. Халық болса, Үкімет қазіргі жағдайды ескере отырып, жұмыспен қамту бойынша қандай шаралар қабылдап жатыр деп алаңдаулы.

«Біз, бір топ сенаторлар, Үкімет басшысына ресми органдар ұсынған бояма сандардың ауыл өмірінің шындығына сәйкес келмейтінін айтып келдік. Статистика бойынша ауылдағы жұмыссыздар саны 181 мың адам немесе 4,7%. Бірақ іс жүзінде одан әлдеқайда көп. Біз республиканың барлық аудандарында арнайы әлеуметтік сауалнама жүргіздік. Олардың басым көпшілігі басты мәселе деп жұмыстың жоқтығын атады. Осы сауалнамада көрсеткендей, ауыл тұрғындарының нақты табысы айына 35 мың теңгені құрады. Мұндай ақшаға қалай күн көруге болады?» – деп кейіді тағы бір сенатор Ақылбек Күрішбаев.

Үкімет ауылды дамыту үшін әр жылдары түрлі бағдарлама әзірлеген. Қазіргі осы мақсатта «Ауыл – ел бесігі» жобасы қабылданған, бірақ оған жеке ұлттық жоба мәртебесі берілмеген. Ал ауылға басымдық беретін дербес құжат жасалмай, бұл бағытта үлкен жетістіктерге қол жеткіземін деу әурешілік болар. Депутаттар, сондай-ақ бұл жобаны жүзеге асыруды Ұлттық экономика министрлігінің қарамағынан алып, Ауыл шаруашылығы министрлігіне беруді ұсынған еді, әзірге бұл ұсыныс та ескерусіз қалған. Өйткені кез келген ауылды дамытудың негізінде ауыл шаруашылығы өндірісін дамыту мәселесі жатқанын ұмытпаған жөн.

Бүгінде бірқатар елді мекендер ірі ауыл шаруашылығы кәсіпорындары мен шаруа қожалықтарының арқасында өмір сүріп келеді. Шалғай жерлердегі бірден-бір жұмыс беруші солар. Дегенмен әкімдердің шешімдерінің арқасында, әйтпесе өздерінің пысықайлығымен ірі жер пайдаланушыларына (латифундистер) айналған көптеген үлкен компания әлі де болса «ауылдың ішкі жағдайына бас ауыртпай, егін егуге және егін жинауға ғана келетіні» жасырын емес. Ал Үкімет пен жергілікті атқарушы билік мұндай жосықсыз компаниялардың әлеуметтік жауапкершілігін арттырып, аймақтарды дамытуға міндеттейтін болса, онда елді мекендердегі жұмыссыздық қана емес, басқа да көптеген проблеманың шешілуіне сеп болар еді.

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН: «динозаврлар дәуірі» аяқтала ма?

Ералар ҚАБА (коллаж)

(Басы 1-бетте)

Экономист Олжас Сейіловтің ойы да осы арнада тоғысады.

«Президент кездесуде ұлттық буржуазияға қандай месседж берді дегенге келсек, бір жағынан оларға жауапкершілік арқалатты: Қазақстанда байлыққа кенелген екенсің және ары қарай ақша-ауқат жинауға ниеттісің, онда капиталды шетелге әкетпе, Қазақстанда жұмса, жат елдің емес, Отанның өркендеуіне үлес қос. Екінші жағынан, кейбір саясаткерсымақтар, белсенділер Тоқаевты олигархтар иелігіндегі бар мүлікті тартып алып, стратегиялық маңызды нысандарды, ірі кәсіпорындарды, жүйеқұраушы банктерді, кен орындарын национализациялауға итермелегендей болды. Бірақ Мемлекет басшысы ондай жауапсыз қадамға бармады», – дейді сарапшы.

Оның мәліметінше, «Қасіретті қаңтар» оқиғалары басталысымен қазақстандық индекстер құлдырауда, биржалардағы отандық компаниялардың құнды қағаздары күрт құнсызданды (-20%-ға дейін). Бұл елден инвесторлар кетіп жатқанын білдіреді. Ал Тоқаев жариялаған «жаңа экономикалық бағыттың екінші бөлігі – инвестициялық климат».

Өткен XX ғасырдың басында большевиктер «жаңа Қазақстанды» тұрғызуды (патшалық колониядан ҚазАКСР-ін жасауды) неден бастағаны белгілі: қазақтың бизнесмендерін, яғни байларды жаппай құдалады, дүние-мүлкін тартып алды. Елден британдық, американдық және басқа инвесторлар кетті. Қазақстан ғасыр ортасына дейін еңсе тіктей алмай қалды. Егер Қасым-Жомарт Кемелұлы бизнеспен кездесуінде национализациялау үрдісі басталатынын жариялағанда мемлекетіміз бірнеше жыл артқа шегінетін еді. Ондай жағдайда заңның үстемдігі, жекеменшік мүліктің қол сұғылмаушылығы секілді өркениетті мемлекеттің құндылықтары деградацияға ұшырайды.

Алматыдағы тұрмыстық деңгейдегі ұрлық бизнестің, шетелдік инвесторлардың үрейін ұшырды. Ал мемлекеттің әкімшілік аппаратын қолданып, тұтас кәсіпорындарды тартып алу – жылдар бойы жасалған инвестициялық архитектураның күл-талқанын шығаруы мүмкін. Республика барлық халықаралық рейтингілерін жоғалтуы ықтимал еді. Оның үстіне ірі компаниялардың иесі олигархтар болғанымен, қожайындар құрамында шетелдік акционерлер, миноритарийлер кіреді. Олар Қазақстанды жаппай сотқа беріп, халықаралық арбитраждарға сүйреуі мүмкін. Онда мемлекет бедел-имиджден жұрдай болады.

Әрине, компаниялардың белгілі бір үлесі үшін нарықтық құнын төлеп, «ұлттандыру» тәсілі де бар, бірақ оның шығыны сол кәсіпорындардың 5-10 жылдық табысына теңелуі мүмкін. Сонша бос қаражат бюджетте жоқ, ол үшін Ұлттық қорды тауысу – тиімсіз әрі қауіпті.

Сондықтан Қ.Тоқаев тұрмыстық тонаудан кейінгі мемлекеттік тонау болмайтынын анық аңғартты. Ол кездесуде «жаңа реформалар тартып алуды және қайта бөлуді көздемейтінін» бірнеше қайталап айтты. Президент «бұл ақымақтық және жауапсыздық болар еді» деді және мұндай популистік залалды қадамнан бас тартты. Тоқаевтың «жаңа Қазақстаны» большевиктердің «жаңа Қазақстанына» ұқсамайды.

БАСТЫ МЕССЕДЖ – ТҰРАҚТЫЛЫҚТА ДАМУ

Жаңа Қазақстанның мақсат-мұраты басқа: ұлттық буржуазияны, соның ішінде олигархтарды да «еліміздің әлеуметтік-экономикалық моделін трансформациялау үдерісіне белсене атсалысуға тарту», яғни байлығын бұқарамен бөлісуге иліктіру, оларды Қазақстанды дамытуға жұмылдыру.

Экономист О.Сейіловтың пайымдауынша, «олигархтарды сілкілеудің» орынды бір жолы салық салудың прогрессивті шкаласын енгізу болмақ. Бұл қоғамның да қолдауына ие болады, елге де пайдасы тиеді. Мысалы, американдықтар Илон Масктың сән-салтанатты 7 сарай-үйі барын, миллиардердің үйінен жұмысына төл ұшағымен қатынайтынын біледі. Біле тұра қызғанбайды: себебі Маск прогрессивті шкала бойынша бүкіл табысының 47%-ына дейін салық түрінде төлейді.

Қаржыгер-кеңесші, Financial Freedom басшысы Расул Рысмамбетов бұл кездесуден кейін үміт оянғанын айтады. Ірі бизнес – белгілі бір шектеулер мен жаңа ойын ережелері аясында жұмысын Қазақстанда жалғастыра алатынынан күдер үзбейді. Орта бизнес – алпауыттардан белгілі бір активтер босап, оларды иеленуге мүмкіндік туады деп үміттенеді. Ал бұқара – бай-олигархтардан бюджетке және ары қарай халыққа түсетін қаражат көбейеді деген үмітте. Ендігі міндет – осы үміттердің алданбай, кезекті сағымға емес, шындыққа айналуы.

«Тіпті, Президенттің ескі-жаңа Үкіметті сақтап қалуының өзі белгі-месседж саналады. Смайыловтың Министрлер кабинетінің мүшелері жаңа тұлғалар емес. Инвесторлар оларды негізінен таниды және олармен келісімге келе алатынына азды-көпті сенімде. Әрине, бұл уақытша Үкімет болса керек. Оның міндеті – елде, экономикада тұрақтылық орнату, белгілі бір сабақтастықты сақтау. Президент дипломат ретінде халықаралық ойын ережелерін жақсы біледі, ол қазір бәрін халықаралық қағидаларға сәйкес жасауда», – дейді қаржыгер.

Сонымен бірге халықаралық қағидалар олигархтардың заңсыз табылған капиталын, мүлкін алып қоюға да рұқсат етеді. Мысалы, Ұлыбритания солай жасауда. Демек, бұл тұрғыдан Мемлекет басшысының маневрлерге арналған өрісі кең.

Сарапшының пайымдауынша, былтыр мембағдарламалар орнына қабылданған ұлттық жобалар алда қайта қаралуы мүмкін. Өйткені ондағы жобалар жаңа Қазақстандағы өзгерістерді, олигархтардың ұлғаятын үлесін ескермейді. Әйтпесе, 10 ұлттық жобаға негізінен, бюджеттен 49 триллион (!)теңге жұмсалғалы тұр.

МАҚСАТ ТҮСІНІКТІ, ТЕК ТЕТІКТЕРІ НАҚТЫЛАНСА...

Жалпы, қолымызда бар дерек бойынша, «2022 жылғы 21 қаңтардағы ҚР Президентінің тәрағалығымен өткен отандық ірі бизнес өкілдерімен кеңеске қатысушылар тізіміне» жалпы саны 75 тұлға кірді. Дегенмен кейбір мәлімет бойынша жабық жиынға Тимур Құлыбаев, Болат Өтемұратов секілді тізім сыртында шақырылғандар да қатысқан деседі.

Бір анығы, ірі бизнес өкілдері Мемлекет басшысының оларға нені жеткізбек болғанын, нені талап ететінін түсініп шықты. БАҚ-қа сұхбатта қатысушылар соны мойындап жатты. Дегенмен басты міндет-мақсаттар ұғынықты болғанымен, оларды іске асыру тетіктері түсініксіздеу көрінеді. Мысалы, шақырылғандардың бірі Kusto Group директорлар кеңесінің төрағасы Еркін Тәтішев бизнестің жаңа өзгерістерге қатысуының жөнжосығы нақты көрсетілсе дейді.

«Президенттің кездесудегі сөзі тұтас бағдарлама деуге тұрарлық. Онда бұрын айтылмай келген біраз мәселе көтерілді, өзгерістер бағдары айқындалды. Енді билік реформаларды жүзеге асыру кезеңдерін нақтыласа дейміз. Мысалы, бизнестен жаңа экономикалық күн тәртібін қалыптастыруға қатысу сұралды. Қалай қатысамыз? Қатыссақ, стратегиялық, әлде тактикалық мәселелерді айқындаймыз ба? Бір тілек айтар едім: өз шешімдерімізді ұсынып, оны өмірде жүзеге асыра алу үшін ұлттық бизнеске Президентпен, Үкіметпен тұрақты, делдалсыз, тікелей байланысу мүмкіндігі берілсе, жақсы болар еді», – деді ол.

Әйтпесе, ұлттық буржуазия төл жобаларымен министрге, әкімге кіреді, болмаса хат жолдайды, онысы бюрократия батпағына батып кетеді немесе мемлекет мүддесін емес, өз пиғылын ілгерілетуді ойлайтын шенеуніктер еш қызығушылық танытпайды, сырғытпа жауап береді.

Инвестор, 100-ден аса компанияның акционері, белгілі бизнесмен Марғұлан Сейсембай кездесуге қатыспаса да, өз ойын ортаға салды.

«Әрине, барлық бастама жақсы, кемшін тұстары да жоқ емес. Көптеген тапсырманы іске асыру механизмі түсініксіз. Мысалы, аса ірі бизнесмендер өз табысының белгілі бір пайызын «Қазақстан халқына» қорына қалай аударады? Қанша пайызын? Қандай жиілікпен? Оның негіздемесі қандай? Меніңше, бұл схеманы айналып өту, басқаша талдау, ақырында тіпті одан қашып құтылу оп-оңай», – деді ол.

Мемлекет басшысының тағы бір «месседжі» – елде мемлекеттік монополия да, жекеменшік олигополия да болмауы тиіс. Алпауыттың қай түрі де ел мен нарыққа зиян.

Экономистердің айтуынша, егер мемлекет салаларды олигополиядан тазартып, олардың дүние-мүлкін мемлекеттік компанияларға берсе, онда Үкіметтің алдынан қиын таңдау шығады: не бүйірі ортайып жатқан бюджетті толтыру үшін мемлекеттік және ұлттық компаниялардың тапқан-таянғанын тегіс алып қояды немесе оларды ұстап тұру, дамыту үшін табысының үлкен бөлігін өзіне қалдырады. Кеңес Одағы да, тәуелсіз Қазақстан да соңғы жолды ұстанып келді. Салдарынан квазимемлекеттік сектордан бюджетке қомақты пайда түспеді, олардың шығыны артты. Ал әлемдегі ең мұнайға бай ел Венесуэла бірінші жолға түсіп, ұлттық компанияларының тапқанын тақұл-тұқыл алып қоюмен әуестенді. Салдарынан мемкәсіпорындар инвестиция мен капитал тапшылығына ұшырап, штаттарын қысқартуға мәжбүр болды. Кейінгі 12 жылда мұнай өндірісі – 2 есе, ал мемсектордағы жалпы өндіріс 3 есе құлдыраған. Нәтижесінде, 2021 жылы Венесуэлада гиперинфляция 686,4% болды. Халқы ары қарай қайыршыланып, шетелге босуда.

> *Мемлекет басшысының тағы бір «месседжі» – елде мемлекеттік монополия да, жекеменшік олигополия да болмауы тиіс. Алпауыттың қай түрі де ел мен нарыққа зиян.*

Бұл екі жол да тұйыққа тірейді. Сондықтан Президент мемлекеттік активтердің жекешелендірілуі жалғасатынын, жаңа экономиканың тағы бір ұстыны – шынайы бәсеке болатынын нықтады. Олигополия жойылады, мемлекет те экономикаға үстемдік етуін қояды. Динозаврлар дәуірі аяқталуы шарт: жаңа экономика терезесі тең бәсекелесіп, тиімді жұмыс істейтін, озық өнім беретін орта бизнестің кең өрісіне, байтақ жайлауына айналады. Озық дамыған елдердің тәжірибесі – осы.

Елдос СЕНБАЙ

ҚОРДЫҢ ТАҒДЫРЫ «ҚЫЛ» ҮСТІНДЕ

(Басы 1-бетте)

Көктем ҚАРҚЫН

ЕСЕП БЕРУДЕН ҚАШАДЫ

Парламенттегі бірқатар депутат «қазынадан қомақты қаржы алып отырған алпауыт компаниялар жұмысын елге жариялауы керек» деп санайды. Осыған дейін талай рет «Үкіметтен ұлттық компаниялардың есеп-қисабын, ашықтығын сұрадық» деген мәжілісмендер «Самұрық-Қазына» өкілдері «қоғамдық бақылау туралы заңға» өздерін қатыстырғысы келмейтінін айтты. Әлі күнге депутаттар мен қор мамандары бір мәмілеге келмеген. Кемі 69 миллиард доллар активі бар «Самұрық-Қазына» қоры мемлекеттен ақша алғанымен, ел алдында есеп бермейді. Қызметкерлерінің жалақысы жоғары, жыл сайынғы сыйақылары мен бонустары, шетелден қыруар ақшаға жалдайтын мамандары бар, бірнеше басқару құрылымынан тұратын қордың өз билігі өзінде. Мемлекеттің ақшасына өткізетін миллиардтық тендерлері де ашық емес. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша енді Үкімет «Самұрық-Қазына» қорының компанияларын жекешелендіруі керек. Ол үшін қазір мемлекеттік комиссия жұмыс істеп жатыр.

6 мыңға жуық кәсіпорын қордың құрамында екен. Ұлттық компаниялар мұндай құрылымсыз да өз жұмыстарын жүргізе алады. Қор қызметкерлерінің санын қысқартқаннан мәселе шешілмейді. Қордың ішінде «Самұрықсыз» да нарыққа бейімделген компаниялар бар. Оларды жекешелендіріп, нарыққа жіберу керек. Сонда біз айқын деректерге қол жеткізе аламыз. Қоғамдық бақылау туралы заңның «Самұрық-Қазынаға» күші жүрмейді. Қазір депутаттар осы мәселені көтеріп жатыр. Өйткені «Самұрық-Қазына» өздері қоғамдық кеңес құрып, өздеріне жақын адамдарды тартқан. Кез келген бюджеттің ақшасы бар жерде қоғамдық бақылаудың пәрмені жүріп, бақылап отыру керек, – деді Мәжіліс депутаты Айдос Сарым.

ӨЗІ – БИ, ӨЗІ – ҚОЖА

Бір қызығы, «Мемлекеттік сатып алу туралы» заң 2009 жылдан бері «Самұрық-Қазынаға» тиесілі компаниялардың ешқайсысына жүрмейді. Ұлттық әл-ауқат қорының қарамағындағы компаниялар үшін «Самұрықтың» өз заңы бар. «Самұрық» үшін «мемлекеттік сатып алу» деген термин жоқ, олардікі тек «сатып алу». Айталық, Documentolog деп аталатын әлдебір ЖШС «Самұрық-Қазынаның» қанатының астындағы компаниялардан әр жыл сайын жүздеген миллион теңгені «майдан қыл суырғандай» еш кедергісіз алып келген. Бұл аз десеңіз, 2016-2020 жылдары Documentolog ЖШС «Самұрық-Қазынаның» қарамағындағы 36 компаниямен жалпы құны 1,4 млрд теңге болатын 132 келісімшарт жасасыпты. Алғанда да миллиардтарды шынайы бәсекелестік ортада жеңіп алса бір сәрі, бәріне «бір көзден сатып алу» тәсілі арқылы қол жеткізген. Мұндай мысалдар көп. Ұлттық компаниялардағы осындай «бір көзден сатып алу» тәсілімен контракті бекітудің соңы жемқорлыққа әкеледі. Өйткені өз кезегінде ірі кәсіпкерлердің компаниялары бірнеше тендерді жеңіп алып отырған. Соның салдарынан шағын және орта бизнес өкілдері шетте қалып қояды. Қазір ең алдымен «Самұрық-Қазынаның» ортақ мемлекеттік сатып алулар тәртібіне бағынбайтын дербес статусын жою маңызды.

– «Самұрық-Қазынаның» сатып алу дерегі жабық. Жылына қор 5 трлн теңге сатып алу жасайды. Ал мемлекеттік сатып алу порталы жылына 4 трлн теңге жұмсайды. Порталда жоспардан бастап кімнің қай уақытта қандай тендер ұтып алғаны ашық жарияланады. Ал «Самұрық» тек жоспарын жариялап, кімнің қалай ұтып алғанын жабық өткізеді. Қанша пайызы «бір көзден сатып алғаны» жайлы ақпарат та қолжетімді емес. Ақпарат қолжетімді болмаған жерде қаражаттың тиімді жұмсалғанын қарастыру мүмкін болмайды. Соңғы 3-4 жылда біз Дүниежүзілік банкке «Самұрық-Қазынаның» сатып алуының мемлекеттік сатып алу порталындағыдай ашық болуын және ортақ заңға бағынуына ұсыныс айтқанбыз, – дейді Zertteu Research Institute директоры Шолпан Айтенова.

Ал Қаржы министрі Ерұлан Жамаубаевтың айтуынша, бір көзден сатып алуды қысқарту жұмысы тұрақты негізде жүргізіледі. Таяуда мемлекеттік сатып алу мәселелері бойынша бірқатар заңнамалық түзетулер күшіне енді. Олар бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың 6 ірі негіздемесін жойды. Осылайша, алда бір көзден сатып алудың барлық көлемі шамамен 50%-ға азаяды.

Яғни, салмақты реформа жүргізілгелі тұр. Бірінші қадам ретінде «Самұрық-Қазынаға» қатысты мемлекеттік аудит барысындағы банк құпиясы алынып тасталды. Демек, жақын арада Есеп комитеті «Самұрық-Қазынаны» қайтадан тексеретін болады. Бұл жолы мүлде басқа картина шықпақ. Банк құпиясы бойынша норма көптеген көлеңкелі тұстарды жасырып тұрған болатын. Енді «Самұрық-Қазынада» ондай «тығылатын» тесік азаяды.

ИТКЕ СҮЙЕК ТАСТАҒАНДАЙ – ДИВИДЕНД

Республикалық есеп комитеті «Самұрық-Қазынаның» дивидендтік саясаты мемлекеттік кәсіпорындардың тапқан табысымен сәйкес емес деп көп жылдан бері сынап келеді. Комитеттің дерегінше, квазимемлекеттік сектордың 2015-2019 жылдар аралығында таза табысы төрт есе өскен, яғни 527,8 млрд теңгеден 1,992 трлн теңгеге жеткен. Ал сөйте тұра, 2020 жылы Үкіметке төлеген дивиденд-терінің көлемі тек 142,7 млрд теңгені құраған, бұл таза табыстың 7%-ынан аспайды. Ал 2021 жылы республикалық бюджетке дивиденд ретінде табысының бар-жоғы 8/1 бөлігін аударады. Яғни, 900 млрд теңгенің 110 млрд теңгесі ғана. Ал Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бұған дейін ұлттық компаниялар табыстың 100%-ын бюджетке төлеуі тиіс деген еді. Өйткені соңғы жылдары бюджет тапшылығын жамаймын деп Ұлттық қордың қазынасы едәуір ойсырап қалған. Кейін министрлер кабинеті бастапқы жарнада мемлекеттің үлесі бар компаниялар 2020 жылы және одан кейінгі жылдары «жылдық шоғырландырылған таза табыстың ең кемі 70% сомасын бюджетке аудару туралы» қаулы қабылдады.

Бірақ мұны ескеріп жатқан «Самұрық-Қазына» жоқ. Қор өзінің еншілес компанияларының дивидендке қатысты 2012 жылы қабылдаған саясатын өзгертпеді. Бұл құжатта портфельді компанияларға дивиденд төлеу көлемі сараланып төленетіні көрсетілген. Яғни, оған екі фактор әсер етеді – компанияның кемелділігі және қаржылық-экономикалық жағдайы. Сонымен, бюджетке дивиденд төлеуден басқа «Самұрық-Қазына» салықтық төлемдерді аударатынын, Үкіметтің әлеуметтік жобаларына қолдау білдіретінін, мектептер мен көпбейінді ауруханаларды салатынын алға тартты. Яғни, дивидендтердің жалпы жиынтығын алар болсақ, ол компанияның таза табысының 50 пайызын құрайды-мыс. Ендеше дивидендтер пайызының төмен болуына мемлекеттің қажеті үшін алынатын түрлі алымдардың да кесірі тиіп отыр. Әдетте әлеуметтік нысандар құрылысына, бюджеттік бағдарламаларға жұмсалатын шығындардың құны шамадан тыс көтермеленіп көрсетіледі. Мәселен, «Самұрық-Қазына» АҚ кейінгі бес жылда әлеуметтік құрылыстар салуға 366 млрд теңге немесе таза табыстың 14%-ын жұмсаған. Сөйте тұра, бұл нысандардың кейбіреуі мемлекет меншігіне берілмеген.

ҚАЛАЙ РЕФОРМАЛАУ КЕРЕК?

«Самұрық-Қазынаны» таратып жіберіп, оның портфелді компанияларын профильді министрліктерге бағындыра салса, мемлекет бір жылда кем дегенде 17 миллиард теңге үнемдейтін болады. Қордың 2021 жылдың 9 айына қарасты аралық қаржылық есебін қарасақ, корпоративті орталықтың жалпы және әкімшілік шығындары 16,8 миллиард теңгеге жетіп үлгерген. Бұл тек орталық кеңседе отыратын басқарушы аппараттың шығыны. Сонда бір айда қордың орталық кеңсесін ұстауға 1,8 миллиард теңге жұмсалып отыр. Одан бөлек, «Самұрық-Қазынаның» басшылық құрамы өте қымбатқа шығады. 2021 жылдың 9 айында қордың басшыларына 4,5 миллиард теңге төленген. Мұндай шығындардан халыққа қандай пайда бар?

– Мемлекеттік компаниялардың тиімді жұмыс істеуіне қол жеткізу үшін «Самұрық-Қазынаны» өзінің бастапқы бағытына – мемлекеттік компанияларды бақылау және басқаруға қайтару қажет. Қордан мемлекеттің бақылау пакеті жоқ бірлескен компанияларды шығарып тастау керек. Мұндай мемлекеттік инвестициялардың барлығын Ұлттық қордың басқаруына берген дұрыс, – дейді экономист Мұрат Темірханов.

Экономистің ойынша, қазір басқарушы холдингке орасан көп қаржы жұмсалады. Сол себепті «Самұрық-Қазына» қорын мемлекеттік коммерциялық активтерді басқару жөніндегі Үкімет жанындағы шағын мемлекеттік агенттікпен алмастыруға болады. Кезінде трансформациядан өту үшін трансформация департаментін құрған қордың тым ауыр, ебедейсіз алпауытқа айналып кеткені шын. Бірақ біз әл-ауқат қорын тарататын болсақ, онда әр ұлттық компания бас-басына халықаралық кеңесші жалдауға мәжбүр болмай ма? Сарапшы Ғалым Байтұқтың айтуынша, қордың негізгі көздегені – елдегі белгілі бір топтардың пайдасы үшін қомақты қаржы көздерін уысында ұстау.

– Алдымен мемлекеттік компанияның корпоративтік университетіне, «Самұрық-Қазынаның» еншілес компанияларына тексеріс жүргізу керек. Қорды инвестициялық жобаға айналдыру да тығырықтан шығар жол емес. Кейін оның құрамындағы компаниялар жекеменшіктің қолына өтіп, мемлекеттің қаржысы тіптен талан-таражға түсуі мүмкін, – дейді сарапшы Ғалым Байтұқ.

Президент бір емес, бірнеше рет басып айтқан «Самұрық-Қазынаның» не болары алдағы бір айда шешіледі. Кеше ғана «Самұрық-Қазына» қорының басшысы Алмасадам Сәтқалиев: «Реформалау бағдарламасына нақты, әрі тиімді ұсыныстар бере алатын азаматтармен диалог орнатуға дайынбыз» деп Facebook-тегі парақшасына жариялады. Іле-шала қор қызметкерлерінің қысқарып жатқанын да естідік. Бірақ болары болып қойған соң, желге ұшқан қаржыны кімнен талап етеміз? Ең дұрысы – жасаған қателіктен сабақ алу.

Қуаныш САПАРБАЙ (коллаж)

aikyngazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti

Ресей компанияларының ықпалы артты

Осы күні Қазақстанда шамамен 7,8 мың ресейлік компания жұмыс істеп жатыр. Отандық экономикада ресейлік компаниялардың үлесі әбден еселенді. Яғни, елдің экономикалық тіршілігіне ықпал жасайтын маңызды тетіктерді тапты. Олардың жұмысын шектегенді қалайтын ниет жоқ, дегенмен әр саладағы отандық компаниялар тұншығып, сырттан келгендер монополист дәрежесіне жеткендей көрінеді. Ал өз мүддемізді қорғайтын қазақстандық компаниялар неге өзгелермен бәсекелес бола алмай жатыр?

Мадияр ТӨЛЕУ

Елдар КАБА (коллаж)

ШЕТЕЛДІК БАНКТЕР ИЕЛІГІНДЕ ЖЕРІМІЗ КЕТПЕСІН

Еліміздегі екінші деңгейлі банктердің қатарында Ресейдің Сбербанкі барын білеміз. Ықпалы артқаны сонша, активтері мен депозит мөлшері бойынша Халық банктен басқасының бәрін ығыстырды. 2021 жылғы елдегі банктердің рейтингі бойынша екінші орынға тұрақтады. Активтерінің мөлшері 3166,8 миллиард теңгеге, депозит сомасы 2151,2 миллиард теңгеге жеткен. 2021 жылдың тоғыз айында теңгерім валютасының ең үлкен өсімі де Сбербанкте болды – 27 пайызға өсіп, 865 млрд теңгеге жуықтады. Халық банктің өзі артта қалды.

Ал шетелдік банктерден қандай қауіп бар дерсіз. Жер дауына дейін елімізде түрлі жолмен ірі көлемдегі жерлерді ұзақ мерзімге жалға алғандардың көп екені анықталды. Көбі жерді екінші деңгейдегі банктерге кепілдікке қойып, қыруар қаржы несиеге алып, бірақ қайтара алмаған. Кепілге қойған жерлер банктердің иелігіне өтіп кеткен. Мәселен, 2016 жылы Алматы облысы Райымбек ауданының біршама жері Эксимбанктің иелігінде екенін білгенде жаға ұстағанбыз. Кейін ол жерлерді не мемлекет өзіне қайтара алмай, не халыққа бере алмай арпалысты. Республика бойынша ондай оқиғалар аз емес. Ал коммерциялық банктерді шетелдіктердің сатып алуына немесе банктің өз мүлкін еркін сатуына ешқандай тосқауыл жоқ. Банктер кепілге қойылған мүлікті несие қайтарылмаса, сот шешімінсіз-ақ сатуға шығаруға мүмкіндігі бар. Біз айтып отырған Сбербанкте қандай меншіктер кепілде барын да тексеріп жатқан құзырлы орган жоқ. Міне, шетелдік компанияларға қатысты мұндай мәселелер жетерлік. Экономист Бауыржан Ысқақов проблеманы отандық компанияларға қолайлы жағдай жасап қана шеше алатынымызды айтады.

– Сбербанкті алсақ та немесе «Яндекс. Такси» секілді қызмет көрсетуші, мұнайгаз саласындағы көптеген компанияны қарасақ та, құрылтайшылары, заңды мекенжайлары өзге мемлекеттерге тиесілі. Бұлардың экономикалық зиянын айтар болсақ, ең әуелі олар нарықтағы қазақстандық ойыншыларды тұншықтырып тастайды. Екіншіден, ауқымының көптігіне, қаржылық қарқынының еселеп артуына, белгілі бір саланы жаулап алуына байланысты оларды монополистер деп атауға болады. Қаржының көзі шетелдік компанияларға кетіп жатыр. Яғни, халықтың табысы сыртқа ағылады. Бізге бұл тұста мемлекеттік саясат құрған жөн. Сыртқы үлкен бәселекестерге тойтарыс бере алатындай отандық компанияларды қолдаған жөн. Демек, «Сбербанк секілді неге отандық қаржы институттары неге болмауы керек?» деген сауалға жауап берген абзал. Әрине, біз олардың қызметін шектей алмаймыз. Өйткені Дүниежүзілік сауда ұйымына мүшеміз. Бір-ақ жол – Қазақстанның мүддесін қорғайтын отандық кәсіпорындарды дамыту. Мысалы, біздің кәсіпорындар көрші Ресейге, Украинаға барған кезде бәсекеге төзе алмай, тауы шағылып, қайтып келеді. Неге? Себебі ол мемлекеттер отандық компанияларға қолайлы жағдай жасап берген. Инвестициялық баланс – шектеу жасау емес. Бәсекеде өз мүдденді жібермеу, – дейді ол.

«ЯНДЕКС.ТАКСИ» САЛАНЫ ЖАУЛАП АЛДЫ

Таксидің құны шарықтап тұрғаны жайлы жұрттан жиі естиміз. Бағаның жыл сайын құбылып жатқаны шын. Ал саланы жаулап алған «Яндекс.Такси» бағаны қалағанынша белгілейді. Оған бәсекелес жоқ, нарықта санаулы компания бар. Таяуда антимонополистер «Яндекске» тексеріс жүргізетінін мәлімдеді. Себебі компания жолаушылардан негізсіз қосымша ақы алуды бастаған. Мәселен, үнемді тариф сегменті үшін қосымша – 350 теңге, қалада жүрген әр шақырымға – 50 теңге, ақылы күткені минутына 20 теңге алатын болған. Оған қоса, «Яндекс» ірі қалаларда күн құбылып, көлік кептелісі бола қалса, жол ақысын үстемелейтінді шығарды. Бағасы арзандау басқа такси қызметі жоқ болған соң уақыты тығыз адам амалсыз жалдайды. Ал Қазақстан такси қауымдастығының төрағасы Медет Құрманов сөзімізбен келіспейтін сияқты.

– Елдің 90 пайызы мобильді қосымша арқылы такси қызметін пайдаланады. Көліктің бағасы 15 пайызға қымбаттады. Жанармай қымбаттауы да баға өсуіне себеп болып отыр. Бәсекелестік болмауы да әсер етеді. Мобильді қосымшаға тіркелгендердің сұранысы артады, оның үстіне кептеліс бар. Осы факторларға байланысты күн есептеледі, – дейді ол.

Саланы бақылауға алу қажет екені жылдар бойы айтылып келді. Қазір елде ресейлік технологиялық алпауытпен бәсекелесе алмайтын бірнеше компания бар. Бұрынғы диспетчерлік қызметтер жоқтың қасы. «Таксопарктер қазір Yandex, Uber немесе Didi секілді агрегаторлармен серіктестікте. Нарық өзін-өзі қалыптастырады. Бұған мемлекеттік органдардың араласуы жөн емес», – дейді Құрманов.

2014 жылы taxi.kz атты мобильді қосымша болған. Сол жылы нарыққа inDriver келді. 2015-2016 жылдары ресейлік «Яндекс» пен Uber нарыққа кіріп, өзге компаниялар бәсекелесе алмады. Ал өткен қыста Didi келіп, нарыққа кіруге ұмтылды. Сала мамандары бұл тарифтерге де әсер еткенін, компаниялардан бұрын жүргізушілер мен жолаушылар осы бәсекеде пайда тапқанын айтады. Дегенмен саладағы мамандар шындықты айтып отыр деуге болмас. Қазір жергілікті компаниялар жойылып, шетелдік платформалар нарықты басып алды. Олармен кіші таксопарктер бәсекелесе алмайды. Мына қызықты қараңыз, Тұтынушылар бағасының дүниежүзілік дерекқоры мәліметіне сәйкес, Қазақстан бүгінде ТМД елдеріндегі такси қызметтерінің ең жоғары тарифтері бойынша алғашқы үштікке кіреді. Демек, баға қымбат. «Яндекс» секілді алпауыттар пайдаға кенелді.

ЖАНАРМАЙ ҚҰЮ СТАНСАЛАРЫ ӨЗГЕНІҢ ҚОЛЫНДА

Экономикада белгілі бір елдің саяси және экономикалық тіршілігіне ықпал жасайтын маңызды тетік ретінде мұнай, газды басқару қаралады. Елімізде жұмысына әбден қан жүгірген «Газпромнефть» атты ресейлік алпауыт бар. Қызметінің негізгі бағыттары – көмірсутегі кен орындарын барлау, мұнай мен газды өндіру және сату, сондай-ақ мұнай өнімдерін өндіру және өткізу. Бұл компанияда белгілі бір дәрежеде монополист деңгейіне жетіп қалған. Мәселен, «Газпромнефть» еліміздегі жанармай құю стансалары желісін басқарады. Компания сайтындағы ақпаратқа қарасақ, республикада «Газпром нефти» ЖҚС желісі Нұр-Сұлтан, Алматы, Талдықорған, Шымкент, Тараз, Түркістан, Сарыағаш, Кентау, Қарағанды, Теміртау, Павлодар, Алматы, Түркістан және Жамбыл облыстарында 70-тен астам стансадан тұрады екен. Компания Омбы мұнай өңдеу зауытынан Қазақстанға мұнай өнімдерін жеткізуді де жүзеге асырады. Әдетте шетелдік монополистер азаттық алған елдердің экономикасының ең табысты салаларын, кен шығару, мұнай өңдеу сияқты өндірісін иеленуге тырысады. Бұл да соның бір дәлелі.

ЖОЛ НҰСҚАП ТА, АҚША ТАБАДЫ

Елімізде шетелдік 2ГИС компаниясы да жұмыс істейді. Қолында смартфоны бар екі адамның бірі осы бағдарламаны жүктеп, қолданады. Қысқаша айтқанда, жол көрсетіп, пайда табады. Бұл компания көбіне бағдарламасына жарнама орналастыру арқылы ақша табады. Пайдаланушылар аудиториясы мол. Компания жарнама беріп, ісін дөңгелетудің таптырмас жолын дөп басқан. Мысалы, бағдарламаға кіріп, бір мейрамхананы іздесеңіз, сізге оның мекенжайы мен қоса әлеуметтік желідегі парақшаларын, нөмірін, тіпті, орташа есеппен қанша ақшаға шығындалуыңыз мүмкін екенін де көрсетеді. Ал бұл ақпаратты бағдарлама ұсынғаны үшін мейрамхана иелері компанияға ақша төлейді. Бірақ компания еш жерде табысы жайлы деректермен бөліспеген. Әйтеуір, жыл сайын жарнама берушілердің үлесі 30-40 пайызға артып отырғаны айтылады.

P.S.

Біз бұл мақалада еліміздің экономикасында ықпалы артып, кей саланы жаулап алған ресейлік компаниялар жайлы сөз еттік. Әрине, мемлекет оларға тыйым салуға хақылы емес. Дегенмен бұл отандық компаниялардың бәсекеге төзбей, құлдырап бара жатқанын аңғартатындай. Бұлай жалғаса берсе, елдің ақшасы өзге елге ағыла бермек.

«Жұмақ» іздеген жастар

Соңғы 5 жылда Қазақстаннан кететіндер саны күрт көбейіп, келетіндер азайған. Жаппай тәртіпсіздіктер кезінде тағы 64 мыңнан аса адам елді тастап, кете барды. Әдетте қазақтар әлем елдерін бағындыруда, беделді компаниялардажұмысістепжүрдепмақтанамыз, ал олардың Қазақстанға қайтып келгісі келе ме? Әрине, кім қайда кетсе де, тосқауыл болуға, жазғыруға да хақымыз жоқ. Дегенмен Үкімет нені түзетуі керек? «Оралғым келмейді» дейтіндердің базынасы бар ма?

Наима НҰРӘЛІ

Қуаныш САПАРБАЙ (коллаж)

КЕТКЕНДЕР ҚАЙТА КЕЛЕ МЕ?

Елімізден жыл сайын кемінде 15 мың адам қол бұлғап кете барады. Мәселен, ресми деректерге сүйенсек, 2021 жылдың 9 айында Қазақстаннан 25 322 адам көшіп кеткенін көрсетеді. Елімізден халық неге сонша қаша бастады дейсіз ғой...

Туған жерінде білімі мен тәжірибесін кәдеге жаратқысы келеді, бірақ Қазақстанда ондай мүмкіндік бар ма? «Мәселе – жалақының аздығында, кәсіби тұрғыдан өсіретін, білім-тәжірибе беретін жұмыс орындарының жоқтығында» деп отыр Ванкуверде Arista Networks IT компаниясында жұмыс істейтін 33 жастағы Ғани Тасполатов.

«Кету себебім – алған білімімді қолдану. Екіншіден, жұмыс көп. Нәтижеге жұмыс істесең, ешбір аға-көкесіз көтерілуге болады. Үшінші, табыс, әрине. Үлкен компанияда жұмыс істеген ұнайды, адамзаттың игілігіне өз үлесімді қосқым келеді. Сыйақы, бонус, демалыс күндеріне жұмыс істегенің үшін алатын табыстарды есептемегенде, күніне шамамен 80 мың теңге аламын. Үйді, ата-анамызды сағынамыз. Өзім 30 елде болдым, ешқайсысы мінсіз емес. Бірақ Қазақстанда 6 жыл IT саласында жұмыс істедім. Бірқатар жоба болды, бірақ күннен-күнге шыңдай түсетін бірде-бір жұмыс болмады. Көп жерде бизнес, оңай пайда. Алыпсатумен ғана айналысады», – дейді ол.

Шымкент қаласының тумасы Ғани 2008-2012 жылдары «Болашақ» бағдарламасымен АҚШ-та 4 жыл білім алған. Оқуын бітірген соң Қазақстанға келіп, жұмыс істепті. Бірақ шетелге барып оқыған студенттердің бәрі дерлік Қазақстанға қайта оралғысы келе бермейтінін ескерсек, Ғани да 2018 жылы жақсы өмір іздеп, отбасын алып, елден көшіп кеткен.

«Қазақстанда қызметте тамыр-таныстық жүретіні жасырын емес. Меніңше, халықтың Қазақстаннан көшіп кетуіне басқа елдегі өмірдің сапасы мен ол жақтағы жұмысының бағалануы себеп. Шетелде әлеуметтік қолдау жағы жақсы, өсуге болады, тұрақтылық бар. Шетелде сұранысқа ие болатын кей мамандардың Қазақстанда жұмыссыз қалып немесе аз жалақыға күнелтіп жүргені рас. 1 ұл, 1 қызым бар. Ұлым Ванкуверде 1-сыныпта оқиды. Қазақстанға қашан келетінімді айта алмаймын», – деді Ғ.Тасполатов.

Халықаралық көші-қон ұйымының мәліметі бойынша, елден біржолата кетіп жатқан әрбір үшінші адам этникалық қазақтар екен. Эмигранттардың төрттен бірі – 15-тен 28 жасқа дейінгі азаматтар. Және елден кетіп жатқандардың 77 пайызы жоғары білімді. Мәселен, шетел асқандардың 4 144-і техника, 2025-і экономика, 1 260-ы педагогика мамандығын оқығандар. Сонымен қатар 699 дәрігер басқа елде өмір сүруді таңдапты. Тағы 4 000 әртүрлі мамандық иесі де нәпақасын шетелден табуды қалаған.

КҮНІНЕ 54 МЫҢ ТЕҢГЕ, АПТАСЫНА 2 МЫҢ ДОЛЛАР

22 жастағы Самалбек Амандықов 2018 жылдан бері Оңтүстік Кореяда жұмыс істейді. Ол өзінің күніне 54 мың теңге табыс табатынын айтып, Қазақстанда таңнан кешке дейін 6-10 мың теңгеге жұмыс істейтіндерге сабырлық тілейтінін жеткізді.

«Бұл жақта мүмкіндік көп. Біздің елде де бар, әрине. Бірақ Кореяда талмай еңбектенсең, ешкімнің көмегінсіз көтерілесің. Осы жақтан тәжірибе жинап, елімде қолданғым келеді. Болашақта Қазақстанға барып, отбасын құру жоспарымда бар. Сосын әйеліммен бірге шетелге барып, тәжірибе жинасам деймін. Егер біздің елде халықтың жағдайы жақсарса, бұлай шетел аспас едік. Мұнда қазақтар көп, 16 жастағы мектеп оқушысынан бастап 50-ден асқан ағаларымыз да жүр. Балалар білім алудың орнына, жұмыс істеп жүр. Қазақстанда жұмысқа тұрайын десең, тәжірибең жоқ дейді. Тәжірибе жинаймын десең, жұмысқа алмайды. Амал жоқ, таныстарға жүгініп, жұмысқа тұрасың. Мұны жасырудың қажеті жоқ шығар. Жемқорлық бар жерде еш сала дамымайды», – дейді ол.

Оңтүстік Кореяға баруды студент кезінен жоспарлапты. Шетелде жұмыс істеп, тұрмысын тіктеп алғысы келген екен.

«Басында Тэджон деген қалада шыны зауытында 2 жыл жұмыс істедім. Айлығым 1 млн 500 мың теңге болды. Қазір Тегу қаласында жұмыс істеймін. Әзірше елге қайтайын, елге бару керек еді деген ой жоқ. Бірінші жағдайымды жасап алайын. Мұнда заңды жұмыс істеп жүрмегендіктен, медициналық сақтандыруымыз жоқ. Ауырсақ, жекеменшік клиникаларға барып қараламыз. Бірақ бұл жақта медицина қызметі қымбат. Егер мен Қазақстанда да осындай жұмыс істеп, Кореядағыдай ақша тауып жүрсем, кетпес едім», – дейді Самалбек.

Азаматтардың көбі Ресей, Германия, Беларусь, Канада, АҚШ, Оңтүстік Корея елдеріне қоныс аударады екен. Бұл – тіркелген ресми дерек. Бұдан бөлек, ресми статистикадан тыс туристік немесе іскерлік визамен жұмыс істеу мақсатында шетел асып кеткендер бар. Мәселен, 25 жастағы Нұрғиса Назар Америкаға студенттік визамен барып, сол жақта жұмыс істеп жүріп, қалып қойған. 1,5 жылда логистика саласынан өз кәсібін ашып, бүгінде «Амазон» компаниясының тауарларын бір қоймадан екінші қоймаға жеткізіп берумен айналысып жүр.

«Алғашқы 1,5 жыл Флорида штаты Маями қаласында тұрдым. Соңғы екі жылдан бері Чикаго қаласындамын. Басында «Болашақ» бағдарламасына оқуға тапсыру үшін ағылшын тілін дамытуым керек болды. Сол үшін Америкаға келдім. Бірақ жұмыс істеп көрген соң оқуды кейінге қалдырдым. Мұнда құқық қорғау орындарына пара беруге тырыссаңыз, сол жерде олар талдырып тастайды. Әрі қарай басыңыз үлкен дауға қалады. Бізде жемқорлық ашық түрде жүреді ғой. Жұмыс барысында Абзал деген отандасыммен танысып, сонымен бірге логистика саласынан өз кәсібімізді аштық. Қазір қоластымызда 15 шақты тасымалдаушы бар. Аптасына 2 000 доллар табыс табамын», – деді ол.

Нұрғиса 2 жыл бойы жалақысының жартысын ай сайын ата-анасына жіберіп отырған. Табысының 70 пайызын Қазақстанға арнап жатқан көрінеді.

«Астанадан 33 миллионға 3 бөлмелі пәтер, көлік алдық. Ағамды үйлендірдім. Маған «Менде 2 миллион бар, тағы 1 миллион бере тұршы, көлік алайын» дейтіндер бар, оларға көлік алғанша, бизнеспен айналыс деп айтамын. Мен 2 миллион жинадым, сол ақша виза алуға кетті. Тәуекелге барсаң, нәтиже болады. Ал біздікілер тұрақтылыққа үйреніп алған. Зейнетке ерте шықсам дейді, ипотекаға үй алып, бір жалақыға өмір сүргенді тәуір көреді. Америкада кез келген кәсіп түрімен айналыссаң, тез дамиды. Мұнда халық кір жуғанша, тамақ істегенше, ақша беріп, маманға істеткенді жөн көреді», – дейді Нұрғиса Назар.

ҚАШАН ЕКЕНІ БЕЛГІСІЗ...

Сонымен, олар неге шетелге кетті? Неге елге келмей жүр? Жалақысының мардымсыздығы, біліміне сай жұмыстың табылмауы, ең өзектісі – баспана мәселесі отандастарымыздың «жайлы өмір» іздеп, шетел асуына «септігін» тигізіп отыр. Білімімді жетілдіремін дегендер білім, технология саласында қай елдің бәсі жоғары екенін біледі. Сапалы білім жақсы өмірге жолдама екенін бәрі сезеді. Ал одан өзгесі жоғарыда аталған проблемаларға шыдамағаннан шетел асуға мәжбүр. Қара жұмыс істесе де, біршама жақсы жалақы алып, еркін өмір сүруге бейімделіп қалғандары да жетерлік. Тіпті, кейбірі білім алып не еңбектеніп жүрген елдерінде біржола қалудың қамында жүр.

Екінші, олар өз білімін жоғары баға бере алатын нарықта саудалағысы келеді. Шетел асқандардың әңгімелерінен ұққанымыз, олардың Қазақстанға қол бұлғауының себебі қаржылық мәселелерді шешу ғана емес. Олар саяси еркіндікті, өркениетті қоғамды қалайды. Яғни, теңдік орнаған, әлеуметтік сатысы жақсы жұмыс істейтін меритократиялық қоғамда өмір сүргісі келеді. Жағымпаздық, таныс-тамырлық, жеңұшынан жалғасқан жемқорлыққа төзгісі келмейді.

Қорытындысында бір жерде ұзақ тұрақтаған адам сол жердің адамына айналады. Пікірлескен азаматтар 2-3 жылда сол жерге әбден үйреніп кеттік деп отыр. Олар «түбінде оралармыз, бірақ қашан екенін білмейміз» дейді. Қазақстанға қайтып келгеннің өзінде үйренген жеріне аяғы тартып тұратыны анық. «Ел басына күн туса, ер етіктен су кешер» дейді халқымыз. Осындайда тек елімізде қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман орнағанда емес, қиын-қыстау кезеңде «халқыммен біргемін» деген шетелді бағындырған режиссер Айсұлтан Сеитовтің әлеуметтік желідегі жазбасы еске түседі. Себебі жырақта жүрген баласының «елге ораламын» деген бірауыз сөзінің өзі көңілі күпті халыққа медеу болғаны рас.

Алашқа адал Аманхан

Алдында Аманхан аға қайтты... Артынан Есенғали ере барды... Тұтас бір дәуірдің тастүлектері. Екеуінің әзілі де, қалжыңы да жарасатын. Бірін-бірі толықтырып жүретін. Кейде Есенғалидың ащы мысқылын Аманхан аға ауырсынбай көтеретін. Қарап отырсақ, қазақ зиялылары өмірге толқын-толқын болып келеді екен. Сиреп қайтады екен...

Аманхан Әлім! Жарқын ғұмыр иесі. Поэзия әлемінде өзіндік қолтаңбасы бар. Қазақ журналистикасында салған сара соқпағы бар. Сөйлесе – сөзге шешен, жырласа – кәусар бұлақтай таза, айтса – алдаспанмен кескендей кесек қиятын; ешқашан мәймөңкелеп көрмеген, өмірбақи ел деген аяулы азамат. Тірі болса, биыл 70-н атап өтер еді.

Ақынның балалық шағы Сырдың бойында, аң-құсы ну тоғайда мекен ететін, адамдары жайдарлы, мейірімді, шапағатқа толы мекен – бұрынғы Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданындағы Қожатоғай елді мекенінде өтті. Алматыға арман арқалап келді. Сол Алматыда мәңгілік жай тапты. Бір сұхбатында Аманхан аға «Кіндік қаным тамған жерді, алаңсыз, кіршіксіз бала күнім өткен жерді сағынбаған күнім болған емес. Бұрындары қауырт жұмыстың арасынан уақыт тауып, әйтеуір жылына ауылға екі-үш рет барып қайтушы едім. Шырайлы Шымқалаға тоқтамай, тіке ауылыма тартып кетіп, балық аулап, жатып алатынмын. Осы әдетімді байқаған журналистер маған «ауылына ұрланып барып, ұрланып қайтатын ақын» деген «атақ» берген. Соңғы жылдары жұмыстан қол босамай, туған жерге баруым сиреп кетті. Ауылымды сағынғаным соншалық, тіпті түсіме кіретін жағдайға жетті. Бала күнімізде ауылымызда көнекөз қариялар көп болды. Шіркін, олардың әңгімелері тағылым-тәрбиесі мол ұлағатты ойлар ғой. Сол ақсақалдардың арасында талай бірге отырып, батырлар жырын тыңдап өстік. Өзім де оларға батырлар жырын оқып беріп жүретінмін. Атам (әкемді солай атайтын едім) шежірешіл, құймақұлақ кісі болатын. Кез келген естіген әңгімені кәдімгі диктофон секілді миына жазып алып, сол қалпында өзімізге қайталап айтып беретін. Әкеміздің білімпаздығы маған да дарыса керек, үшінші сыныпта ежелеуді білмей, кітапты зуылдап оқитын дәрежеге жеттім. Ал төртінші сыныпта аудандық газетке мақалаларым шыққа, бесінші сыныпта алғаш өлеңім жарық көрді», – деп ағынан жарыла сыр ақтарғаны бар.

Балғын да болам деген бала «Менің атым Қожа» шығармасын басына жастап оқиды. Аманхан ақынды да тәрбиелеген Қожа десек те болады. «Шығарманы әлі күнге дейін қайталап оқып тұрамын. Қазір байқап қарасам, сол Қожадан өзімді көргендей боламын. Мен де «қара көже» секілді бұзық, қиқар, сабақ үлгерімі орташа оқушы болдым. Егер мен балалық шағым жайлы кітап жазар болсам, қазақ прозасына тағы бір «Менің атым Қожа» келер еді», – деп жазды да. Қожаға еліктеп талай қиқар әрекет те жасапты. Соғысқа қатысқан, жасы келген бір ер мұғалім сабақта шаршап, кейде ұйықтап отыратын. Бірде оның ұйықтап отырғанын пайдаланып, алдыңғы партаға отырып, алақанына ащы қызыл бұрышты сеуіп, ағайдың тұмсығының түбінен жәймен үрлейді. Бір кезде ол тынымсыз түшкіре бастады. «Балалар маған суық тиіп қалыпты, сабақтарынды оқып отыра беріңдер» деді де, үйіне қайтып кетеді. Енді бірде сыртқа қарай ашылатын есікке ішінен еден жуатын құрал ретінде пайдаланатын таяқты сүйеп қояды. Сырттан мұғалім есікті ашып қалғанда әлгі таяқ ұстаздың шекесіне сарт ете қалады. Кей қылықтарына өкінетін...

«Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы» деген. Ауылдағы ағасы мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ берген екен. Бала Аманханның өнерге, өлеңге деген талабын ерте байқаған. Ағалық ақылын айтқан. Ұстаз ретінде шабыт беріп, қанаттандырып отырған. Тоғызыншы сыныпта оқып жүргенде «Қазақстан пионеріне» Өтежан Нұрғалиев ағамыздың мақаласы шығады. Өтежан «Болашақта бұл балалардан үлкен ақын шығады» деп бір топ ақынжанды балалардың аттарын атап тұрып, мақтап жазады. Арасында Аманхан Әлімнің де аты аталады. Содан бастап ақындық арыны ашылады. Ақынның артында «Кездесу», «Жанымның жапырағы», «Ай нұры алақанымда» жыр жинақтары мөлдіреген лирикаға толы. Ал «Өткірдің жүзі» атты публицистикалық кітабы көсемсөз үлгісі ретінде талай буынға рухани азық.

Ол кезде Алматыға келу, орнығу, үй алу деген нәрсе нағыз қиямет-қайым. Ақын да талай қиындықты көрген. Армандаған оқуына түсе алмай алты-жеті жыл жүріп қалады. 14 жыл үйсіз-күйсіз, қаланың әр бұрышынан пәтер жалдап, қиындық қамытын киеді. Алайда өмірде жақсы адамдарға жолығады. Бұл туралы «жақсы адамдардың жақсылығын көп көрдім. Сондықтан өзім де жақсылық жасауға тырысамын. 1981 жылы пропискасыз жүрдім. Сол кезде жеңгеңнің ақшасына күн көрдім. Дзержинский деген колхозда танымайтын бір орыс әйелге бардым да, «Бес қоңырау» деген топтаманы, неке туралы куәлік, балаларымның метіркесін көрсетіп, «жұмыссыз жүрмін» дедім, – «прописка керек». Ол кісі бетіме қарап, «Сенбі күні кел» деді. Бардым. Жеңгең 50 сом берді. Сол жерде прописка жазып берді. Қасында отырған кемпірге: «Мына бала сіздің үйіңізде тіркеуде тұрады» деді. Кемпір шығып кеткен соң әйелге ақшамды берейін деп едім, шарт ете қалды. «Мен сенің бала-шағаң бар деп тұрмын, бай болсаң, ана кемпірге бер» деді. Кемпірді қуып жетіп, ақшаны бердім. Содан Жазушылар одағынан үй беретін кез келді. Енді, пропискадан шығу керек болды. Ана жерге қайта барсам, орнында басқа әйел отыр екен. «Сіз тұрған үй сатылып кеткен, сіз автоматты түрде пропискадан шығып кеттіңіз» деді. Бірақ қиянат болмасын деп қайтадан жазып берді. Қоғамда жақсы адамдар көп, соларды көре білуіміз керек», – деп үнемі ризашылық білдіріп жүретін.

Қоғамдық пікір керек болса, дереу Аманхан ағаға хабарласатын едік. Бірде академик Асқар Жұмаділдаевтың «Қазаққа ақын керек пе, технократ керек пе?» деген пікірі елді елең еткізді. «Қазаққа кім керек?». Аманхан ағаға арнайы сауал тастаған едік. Сонда ол кісі «Мұндай жағдайлар іргеміздегі орыс ақындары мен физиктері арасында осыдан 70 жыл бұрын болған еді. Біз оны енді қайталап отырмыз. Яғни, бұл біздің уақыт талабы, заман лебінен кеш қалып жүргендігіміздің белгісі. Сол кезде ғылыми-техникалық прогресс, кибернетика дамып жатқан кез болатын. Міне, дәл сол уақытта, яғни 1959 жылы Борис Слуцкийдің «Физики и лирики» атты өлеңі «Литературная газета» басылымында жарық көреді. Содан кейін-ақ «физиктер мен ақындардың» арасында қызу пікірталас басталды. Тіпті, атақты Эренбург «Комсомолская правда» газетіне «Ответ на одно письмо» деген жауап та жазды. Сонымен, физиктер мен ақындардың арасында дау неге шықты? Бұған Слуцкийдің өлеңіндегі: «Что-то физики в почете, что-то лирики в загоне» деген сөзі себеп болды. Бұл өлеңнің жазылуына себеп, бір отырыста Борис ақын Слуцкийге сөз берілмей, белгілі бір физикке бірінші сөз беріліп кетеді. Ол ақынның шамына тиіп, аталған өлең жазылады. Бұл дау «Литературная газета» басылымында да, «Комсомольская правда» газетінде де жалғасын табады. Аталған тақырыптағы пікір алмасу мен ой бөлісу қайшылығы біраз уақытқа дейін созылып, ақырында қалың көпшілік «бізге екеуі де керек» деген тоқтамға келеді» дейді. Ол Хрущев «жылымығы» басталып, 1960 жылдың басында Евтушенко, Рождественский, Вознесенский, Ахмадулина бастаған бір топ ақындар «лирикалық өлең қадір-қасиетін арттыратын» өмірге «эстрадная поэзия» деген ұғым-түсінік келгенін, бұл ағым оқырман санын арттырғанымен, оның сапасын кеміткенін айтады. «Сөйтіп, «лириктер» «физиктерден» артық саналғанмен, оқырман сапасының кемуі, дәп сол кезде пайда болған «тихая-поэзия» өкілдерінің мерейін арттырады. «Тихая-поэзия» өкілдері Владимир Соколов, Анатолий Жигулин, Станислав Куняев, Николай Рубцов, Анатолий Передреев сияқты ақындар келе-келе поэзияны эстрадалық шудан арылтып, лирикалық өлең қадір-қасиетін арттырады. Бұл дау тағы да оқырманның да сапасына әсер етті. Яғни, жеме-жемге келгенде мұндай көзқарас алшақтығы тумауы керек еді. Сол секілді, академик Асқар Жұмаділдаевтың да пікіріне ақындар өре түрегеліп жатса, оның да бір себебі болар. Дегенмен Асекеңнің пікірінің жаны бар. Лирика – жеке адамның «шаруасы». Ал технократтық ұлт болу – жалпыхалықтық ұғым-түсінік. Мына келе жатқан ғаламдастыру кез келген ұлттан соны талап етеді. Сондықтан да біз елжұртымыздың әлемнен өз орнын табатын технократтық ұлт болуын көздеуіміз керек. Бұл мәселеде Асекең «жалқыдан жалпыға көшу» деген ұғым-түсінікті меңзейді. Ал ақындардың бұған шамданып, шікәмшіл де кірпияздық танытуы – провинциалдық түсінік. Басқа тілмен айтқанда, комплекс неполноценности. «Біздің ұлтқа қазір кім керек?» дегенде, көштен қалмайтын, заманауи технологияға ілесе алатын, ғаламдастырудың талап-тілегінен табылатын ұрпақ қажет. Қайталап айтамыз, өлең болса әркімнің жеке «шаруасы». Оған жалпыұлттық көзқараспен қарауға болмайды» дегенді айтқан еді. Аманхан Әлімнің айтуынша, Асқар Жұмаділдаевтың өзі де ақын. Ендеше, ол кісінің бұл ойы: «Ақындық қажет, бірақ бізге технократтық ұлт одан да керек» дегенді меңзесе керек. Бұл, ақын керек емес деген сөз емес. Ол, жалпы ұлттың қалыптасуын, дамуын айтқысы келіп отыр. Сол себепті де, ол академик жағында болды. «Оған намыстанудың да, одан кінәрат іздеудің де қажеті жоқ» деп өз пікірін ашық айтқан еді.

Кілең «күйіп тұрған» тақырыптарға Аманхан аға батыл араласты. Қоғамда «Қазақстандық ұлт қалыптасуы керек» деген идея қылаң берді. Сол кезде «Мұндай идеяның туу себебі – біздегі ұлттық идеяның қалыптаспағандығынан. Сосын Конституцияда нақты идеологияның болмауынан. Біз Конституцияда көпұлтты мемлекетпіз дейміз. Міне, осындай жағдайдың кең етек алуы бұл жердің иесі барлығын, бұл жер үшін қан төккен ұлттың барлығын естен шығартады. Мерзімді баспасөзде көбіне бірінші орында «Біз Қазақстан халқымыз, көпұлтты мемлекетпіз» деген ойлар, пікірлер, тұжырымдар алға шығып отырады. Ұлттық мүдде екінші орынға қалады. Ал мұны тек ұлттық мүддені қорғайтын қазақ газеттері насихаттайды. Орыс басылымдары еш уақытта қазақ газеттеріндей ұлттық идеяны, ұлттық мемлекетті, мүддені айтпайды. Егер Қазақстандағы орыс басылымдары мемлекеттік мүдде, ұлттық мүддені жазса, мұндай әңгіме қозғалмаған болар еді», – деп мәселені төтесінен қойған болатын.

Аманхан Әлімұлы өмірінің соңғы белесінде «Ақиқат» журналында бас редактор болып істеді. «Ешкім оқымайды» деген басылымды тартымды етіп безендіруден бастап, автор тартуды белсенді қолға алды. Талай жас журналисті тәрбиеледі. Журналды ойлы басылым жасады.

«Талантты адам қай жағынан да талантты» деген сөз бар. Аманхан аға шебер аудармашы болатын. Орыс ақыны Николай Рубцовты қазаққа таныстырған да сол кісі.

Аманхан ағаның қазақ ұлты дегенде шығарға жаны бөлек еді. Мына ой-пікірін жеке алып қарайықшы. «Ұлтшылдық – ол психологиялық, антропологиялық, қанмен келетін жағдай. Ал патриотизм деген – аймақтық, территориялық жағдай. Мысалы, шеттен келген орыстар, ұйғырлар т.б. біздің елімізде тұрып жатыр. Олар патриот. Ал біздің бойымызға ұлтшылдық қанмен келеді. Тектен шығатын нәрсе. Бізге осы жерді ата-бабамыз пәлен ғасыр қорғап, алып берді. Ертең біз осы топырақты қазақтікі емес, қазақстандық ұлт, қазақ ұлтының жері десек, онда қазақ халқы сөзсіз көтеріледі. Өйткені осы жер үшін ата-бабасы қан төккен. Ал оны қолдан беру қылмыс» дейді.

Ол мұңлы өлең жазса да, жылаңқы өлең жазған жоқ. «Мемлекетті мемлекет етіп отырған жақсы адамдар. Жаман адамдар «мемлекетті мен жасап отырмын» деп ойламасын. Бай адамдар, шенеуніктер елді біз ұстап тұрмыз деп ойламасын. Мемлекетті ұстап тұрған – ауылдағы қарапайым халық, жақсы адамдар». Тура уақыттың тамыршысы секілді. Бәрін қолмен қойғандай етіп, тап басып айтып кетіпті.

«Біз әлем халқымен бәсекелесе алатын, бәсекелестікке лайық ұлт болуымыз керек. Қазақтың тұлғалы қаламгері Қалтай Мұхамеджанов «Аманхан, пәленше менен неге озып кетті деме, мен пәленшеден неге қалып қойдым де. Ол сені қанаттандырады, ең жаман қасиет қызғаныштан бойыңды алыс ұстатады. Ілгері ұмтылдырады, қамшылайды» дейтін. Біз бәріміз сондай болсақ, ұлтымыз өзге ұлттармен бәсекелесе өсіп, өркендеп, дүниеге танылған үстіне таныла түседі. Осыны естен шығармасақ бәсекелестікке лайық ел-жұрт, ұлт болып қалыптасамыз. Уақыт пен заманның талап-тілегінен қалмаймыз» деген еді ақын.

Бұл сөз қазір Аманхан Әлімнің аманатындай естіледі.

Біз сол аманатқа адалдық таныта аламыз ба?

Гүлзина БЕКТАС

Елдің шетінде, желдің өтінде қалмасын

Сөз жоқ, шекараны шегендеп, оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету – тәуелсіздігіміздің басты жетістігі. Дегенмен дәл осы шекара сызығына таяқ тастам жерде күн кешетін халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайы мәз емес. Ресми статистика тәуелсіздіктің алғашқы жылдарымен салыстырғанда бүгінде шекараны бойлай қоныстанғандар санының бірнеше есе азайғанын айғақтайды. Тұрғындар санының кемуін былай қойғанда, шекара маңындағы елді мекендердің кейбірі әне-міне картадан жойылып кеткелі тұр.

Шынболат КҮЗЕКБАЙ

Қуаныш САПАРБАЙ *(коллаж)*

Жалпы, шекаралық аймақ тұрғындарының жағдайын жасап, ондағы елді мекендердің инженерлік-инфрақұрылымын жетілдіру стратегиялық маңызға ие. Өкініштісі, сол түпкі мақсаты ұлттық қауіпсіздікке кепілдік беретін маңызды мәселеге тиісті көңіл бөленбей-ақ келеді. Салдарынан шекаралық аймақтардағы шешімін күткен әлеуметтік мәселелер қордалана түскен. Сондықтан мұндағылар реті келсе, ел арасына қарай көшіп алуды құп көреді. Тіпті, жайлы өмірді шекараның арғы жағынан іздеп кеткендері де бар.

Бәрінен бұрын елдегі соңғы жағдайлар шекараны нығайтуда әскери әлеуетпен бірге елдің шетіне халықты тығыз қоныстандырудың қажеттігін көрсетті. Әлбетте қажетті инженерлік-инфрақұрылыммен қамтамасыз ету, жұмыспен қамту мәселелері шешіліп, шағын және орта бизнесті дамытуға жағдай жасалса, елдің шетінде де ел қатарлы ғұмыр кешуге болады. Қазірдің өзінде шекара аумағындағы 1 200-ден астам елді мекенде 1,5 миллионнан астам адам тіршілік етеді. Алайда олардың саны жыл санап азайып барады. Апта бұрын шекаралық аймақта өлместің күнін кешіп жүрген көпшіліктің мәселесін сенатор Ольга Булавкина бастаған Сенат депутаттары көтеріп, Үкімет басшысына депутаттық сауал жолдады.

Онда шекаралық аймақта бизнесін дамытуға ниеттілерге салықтық жеңілдіктер жасау, жұмысы бар тұрғындардың еңбек өтілін 1,5 коэффициентімен есептеу, өзге өңірлерден шекара маңындағы ауылдарға қоныс аударғандарды баспанамен қамтуға субсидия беру тетіктерін қарастыру мәселелері сөз болды. Расында, тетігін тапқанға мұнда көтерілген кез келген мәселені қолданыстағы заңнама немесе арнаулы мемлекеттік бағдарламалар аясында шешу қиындық туғыза қоймайды. Тіпті бір кездері Үкіметтің қаулысымен шекара маңындағы елді мекендерді дамытудың 2014-2020 жылдарға арналған кешенді шаралар легі де бекітілгені есте. Әйтсе де, аймақтарда қалыптасқан қазіргі жағдайлар Үкімет мүшелерінің әлгі қаулыны орындауға селсоқ қарағанын көрсетеді.

ӨСУ ЖОҚ, КӨШУ КӨП

Бір ғана мысал. Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің Экономика басқармасы екі жыл бұрын есеп жүргізіп, өңірдегі 635 елді мекеннің тек 307-сіне болашағы бар деп баға беріпті. Бұл санатқа шекара маңында 23 ауыл ғана іліккен екен. Сол жолғы санақ кезіндегі теріскейдегі шекара маңындағы 15 ауылдың тұрғындарының саны 50-ге жетпейтіні де мәлім болыпты.

Еліміздің ең үлкен шекаралық аймағы саналатын Шығыс Қазақстан облысында да бұл мәселенің түйінін тарқату қиындап барады. Дәл осы өңірдегі жалпы ұзындығы 2100 шақырым болатын мемлекеттік шекара Ресей, Қытай мен Моңғолия елдерімен шектеседі. Бір кездері өз алдына бөлек аудан болған Марқакөл ауданы да халық санының аздығынан бүгінде Күршім ауданының құрамына кірген. Марқакөлдік Абзалбек Мұхаметжанов соңғы жылдары бір кездері Марқакөл ауданының құрамында болған 14 ауылдың жойылып кеткенін айтады.

– Әрине, халықтың үдере көшуінен ауылдар иесіз қалып жатыр. Жастар жұмыстың ыңғайына қарай республиканың әр қиырын шарлап жүр. Көп ауылда әуелі мектеп жабылды. Артынша ондағы тұрғындар да баласына мектеп іздеп жақын маңдағы ауылдарға қоныс тепті. Осылайша заманында дүркіреп тұрған елді мекендердің орнын сипап қалдық. Бұл күндері кезінде 40-50 отбасы тұрған ауылдардың орны қарапайым фермаға айналып кетті. Бұлай жалғаса берсе, ендігі 1-2 жылдағы шығыстағы шекара маңындағы ауылдарды саусақпен санауға болатындай жағдайға жетеміз, – дейді Абзалбек Мұхаметжанов.

Шығыспен бірге Ресейдің 5 облысымен шекарасы түйісетін Батыс Қазақстан облысындағы да жағдай осы. Жыл санап халі нашарлаған шекаралық ауылдағы қара шаңырақты қара құлыпқа күзеттіріп кете баратындар көбейген. Нәтижесінде, мектептердегі оқушылардың саны күрт азайып, олар орта мектептен негізгі мектепке, негізгіден бастауыш мектепке айналған. Мектеп жасындағы баласының болашығына алаңдаған халықтың көшуден басқа амалы жоқ.

Әдетте шекара маңындағы ауылдар туралы сөз болғанда оңтүстік шекараны бойлай қоныстанғандардың жағдайы туралы айтыла көп бермейді. Өйткені қай ауылында болмасын халқы тығыз орналасатын түстік өңірлерде жоғарыда сөз болған мектептің жабылуы, тұрғындардың үдере көшуі сияқты мәселелер кездеспейді. Әрі мұндағы жағдай да шығыс, солтүстік, батыс шекарадағылармен салыстырғанда көш ілгері. Сонда да болса оңтүстіктегі шекара маңындағы ауыл тұрғындарының жағасы жайлауда деп айтуға келмейді. Шекараға таяу тұрып, жергілікті биліктің назарынан шет қалған елді мекеннің бірі – Жамбыл облысы, Меркі ауданы Аңдас батыр ауылы. Шекарадан небәрі 800 метр ғана жерден қоныс тепкен бұл ауылда да әлеуметтік мәселе жеткілікті. Ауыл тұрғыны Ерболат Бірбаевтың айтуынша, елді мекендегі мектеп ғимаратының тозығы жеткен. Жастардың бос уақытын ұйымдастыруға арналған, мәдениет, спорт нысандары да жоқ. «Ауылдағы бес-алты көше Кеңес Одағы тарағалы жөндеу көрмеді. Ауызсу мәселесі де кезек күттірмей шешуді қажет ететін мәселенің біріне жатады. Әлі күнге бірде лай, бірде тұнық құдықтың суын ішіп жүрміз», – дейді ол.

КӨРШІЛЕРГЕ ҚЫЗЫҒА КӨЗ САЛАДЫ

Осы факторлардың өзі-ақ шекара маңындағы ауылдардағы әлеуметтік-экономикалық жағдайды бағамдайды. Жергілікті жұртшылық та жағдайдың оңалатынына күмәнмен қарайтындай. Есесіне олар шекараның арғы жағындағы қоңсыларының өміріне қызыға күн кешіп жүр. Мәселен, шығысқазақстандықтардың айтуынша, Қытай жағы Шығыс Қазақстан облысымен шекаралас аудандарын қайнаған тіршіліктің ортасына айналдырған. Біз шекара маңындағы 100 тұрғыны бар ауылдың тіршілігін қамтамасыз етумен бас ауыртып жүргенімізде шығыстағы көршіміз шекара маңына 250-300 мың тұрғыны бар қалашық салып үлгеріпті. Аспанасты елі өздерінің бас жоспарына сай 2050 жылға қарай Қазақстанмен және Солтүстік Кореямен шектесетін аймақтарда кемі 5-7 миллион адам тұратын үлкен қалалар салуды көздейді.

Ресей де соңғы жылдары шекаралас аймақтарға халықты тығыз орналастыруға көңіл бөле бастаған. Қазір солтүстіктегі көршімізде шекара маңындағы аймақ тұрғындарының жалақысына 90 пайыздық үстемақы қосады. Елдің шетінде, желдің өтінде күнелтетіндердің қысқы отыны да мемлекеттің мойнында. Әрі қолданыстағы заңнамаға шекаралық аймақта жұмыс істейтін әйелдер 50 жасында, ал ер адамдар 55 жаста зейнеткерлікке шыға алады. Сонымен бірге дәл осындай аймақта ширек ғасыр өмір сүрген ресейліктер кейін алып елдің өзі қалаған жерінен жеңілдікпен пәтер алу құқығына да ие.

Осы тұрғыдан алып қарағанда шекара бойын мекендеп, «шықпа жаным, шықпамен» күнелтіп жүрген көптің жағдайын түсінуге болады. Сондықтан олар да халықтың өмір сүру сапасын жақсартып, тұрмысын түзеуге бағытталған Президент реформаларының нәтижесіне үлкен үміт артады. Әрі халықаралық бедел тұрғысынан да шекара сызығы бөліп тұрған көрші ауылдардың әлеуметтік жағдайының әркілы болуы да жауаптыларды ойлантуы керек-ақ. Мәселенің астарында әлеуметтік-экономикалық, дипломатиялық салдар жатқанымен мұндағы ең басты нәрсе ұлттық қауіпсіздік екенін де ұмытпағанымыз жөн.

Асқар МАМЫРБАЕВ, сәулетші:

БІЗДІҢ ДАУЫСЫМЫЗДЫ «ТҰНШЫҚТЫРЫП» ТАСТАДЫ

Шымкент 3 жарым жыл бұрын республикалық маңызға ие қала мәртебесін алғаны белгілі. Сол кезден бастап оның даму мақсаты, сәулеті барлығы да түбегейлі өзгеруі тиіс болатын. Өкінішке қарай, бүгінде қаладағы салынып жатқан құрылыс нысандарының кескін-келбеті, орналасуы өңірдегі осы сала мамандарының көңілінен шыға бермейді. Үшінші мегаполисте бас жоспардан тыс құрылыстар да көбейген. Біз осы мәселе төңірегінде «Шымкент қаласы сәулетшілер қауымдастығы» қоғамының төрағасы Асқар Мамырбаевты әңгімеге тартқан едік.

– Асқар Смайылұлы, бір сұхбатыңызда «Шымкенттің шырайын келтірген сәулетшілер қауымы биліктің назарында болатын, олармен санасушы еді. Енді тек сағынышпен еске аламыз...» депсіз. Жалпы, қазір әкімдікте қалалық сәулет кеңесі бар ма?

– Шымкент – Қазақстанның ірі үш қаласының бірі. Демек, басқару жүйесі, атқарушы биліктің тармақтары алдындағы қалалармен тең дәрежеде болуы тиіс. Құрылыстың сәулеті, жалпы құрылыстың тізгіні білікті архитекторлардың қолына тигенде ғана реттеледі. Өйткені жобаның сызбаға сай болып, құрылысқа айналуы бас құрылысшыға байланысты. Иә, бұрындары әкімнің жанында қала құрылысы кеңесі болған. Оны жауып тастап, кейін сәулет кеңесі болып қайта құрылды. Оны да жауып тастады. Әкімдік мұны бізге жоғары жақтан келген пәрмен деп түсіндірді. Себебі кәсіпкерлерге кедергі жасайтын ұйымның бәрі жабылуы тиіс екен. Демек, кәсіпкерлер білгенін істей беруі тиіс болып тұр. Шынтуайтына келгенде, мамандармен ақылдаспай жасалған дүниенің салдары қалай болатыны белгілі. Шымкент үлкен ауылға айналды. Әрине, оның біраз себебі бар. Қала дербес мәртебе алғанда көрші облыстан Сайрам, Төлеби аудандарының 40 шақты ауылы қосылды. Одан бөлек, жекеменшік үйлерге де жер көптеп берілген. Салдарынан Шымкентіміз жайылып, ауылға айналып кетті. Негізінен, оның барлығы да ақылдасып шешілуі тиіс мәселе еді. Жалпы бүлдірілген дүние көп. Ашығын айтқанда, осылайша дауысымызды «тұншықтырып» тастады. Мен сәулетшілер қауымдастығының төрағасы ретінде көп жағдайда қауымдастықтың атынан айтамын. Біз екі рет қала әкімінің атына ашықхат жолдадық. Біріншісі, шу болған атшабар мәселесі болса, екіншісі бас жоспардан тыс «қызыл» сызық бойында орналасқан құрылыстар хақында ашықхат жаздық. Өкінішке қарай, оған әкімдік жауап берген жоқ. Жауап беруді қажет деп те таппады.

– Шымқалада бас жоспарға сай келмейтін құрылыстардың жүріп жатқаны туралы жиі айтылады. Одан бөлек, «қызыл» сызық бойындағы кәсіпкерлік нысан да көп. Неге?

– Бас жоспар – ол қаланың негізгі құрылыс жүргізу құжаты. Сондықтан әрбір құрылыс осы құжатқа сай салынуы керек. Оған сай емес құрылыс болмауы тиіс. Алайда Шымкентте бұл мәселе қазір күрделі күйінде тұр. Көптеген салынуы тиіс құрылыстардың мақсаты ауысып кетті. «Қызыл» сызыққа еніп кеткен көше болуға тиіс жерлерден салынып жатқан құрылыс нысандары бас жоспарға сай емес деп нық айта аламын. Байқасаңыздар, кейінгі жылдары қаланың үлкен орталық көшелерінің біраз аумағында Global Coffee дейтін қара дүңгіршектер пайда болды. Оның көпшілігі «қызыл» сызықтың бойына салынған. Ол туралы талай рет айтып, жазып та жүрмін. Бірақ әкімдік тарапынан ешқандай қозғалыс жоқ. Сондай-ақ Бәйдібек би даңғылының зоосаябаққа қарсы бетіндегі құрылыстардың жағдайы да сын көтермейді. Көшенің «қызыл» сызығына қонжиған, тәулік бойы жұмыс істейтін «Жаңалық» дүкені, автокөлік жөндеу стансалары, дәріхана сияқты ғимараттар әкімдік пен тиісті бақылау мекемелерінің салғыртығынан аяқ жолға ентелей кіріп, жүргіншілерге қолайсыздық туғызады. Тіпті, көлік жөндеу боксы орнына дүкен ашып алған. Т.Рысқұлов және Ж.Шаяхметов көшелері қиылысында да едел-жедел үлкен алып құрылыс жүріп жатыр. Көшенің «қызыл» сызығына қарамай, бастырмалатып салынып жатқан бұл құрылыс бұрынғы әкімдердің тұсында тоқтатылған заңсыз құрылыстар саналған еді. Енді мораторий дегенді сылтауратып, заңсыз құрылыстарға тыйым салынбай отыр. Ертеңгі күні осы ғимараттардың орны мемлекет мұқтаждығы үшін керек деп миллиондаған қаржыға сатып алынады-ау. Дәл осыған ұқсас құрылыс нысаны өте көп. Демек, қазір қаланың болашақ дамуы да, бас жоспары да ешкімді қызықтырып отырған жоқ.

– Жалпы, Шымкент қаласының бас жоспары соңғы рет қашан өзгертіліп еді. Естуімізше, тағы да қайта қаралып жатқанға ұқсайды...

– 2012 жылы бекітілген Шымкент қаласының бас жоспары қала жаңа статус алғалы бері қолданқолға өтіп, 2018 жылы өзектендіру жобасы деп өзгертілген. Енді оған қайтадан бәйге жарияланып, жобалаушы анықталып, жұмыс істеп жатыр. Ол мәселені біз де бақылап отырмыз. Бірақ қоғамдық талқылау әлі өткен жоқ. Қазір алғашқы жұмыстары жүріп жатыр. Жақын арада Сәулет басқармасына барып, осы мәселе бойынша біраз ақылдастық. Қайта қаралып жатқан бас жоспарда жайылып кеткен елді мекендерді сәл біріктіруді көздеуі тиіс. Ең алдымен инфрақұрылым мен жолдарды реттеу. Елді мекендерді бір-бірімен қарым-қатынасын ыңғайластырып қарау қажет. Қаладағы кептелістерді азайту. Барлығы да бас жоспармен іске асады. Жүйелі түрде ескі мамандармен жұмыс істесе, дұрыс болады деп ойлаймын.

– Кезінде үлкен дауға айналған, бүкіл шымкенттіктер шулаған атшабар мәселесіне нүкте қойылды ма?

– Дау болған атшабар аумағына Bi group компаниясы салатын тұрғын үй кешенінің құрылысы басталып кетіпті. Қаланың жанашыр азаматтары мен мамандардың жанайқайына пысқырып та қарамай, құлағына ілмегені өкінішті. Қаланың бас жоспарын өзгертпейақ, белден басып, демалыс аймағына тұрғын үй, қоғамдық құрылыстар сала беруге болады екен. Рекреациялық аумақты екіге жарып, аса ірі тұрғын үй кешендерін салуға сәулетші мамандарының бәрі қарсылық білдіргенбіз. Өйткені қала құрылыс жоспарының өзіндік заңдылықтары мен стандарттары бар. Тұрғын үй кешендерін шамадан тыс бір аумаққа шоғырландыру, біріншіден инфрақұрылым, көлік қозғалыстарына салмақ түсіреді.

– Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерекесіне орай Шымкентте қоғам қайраткері, ғалым-этнограф Өзбекәлі Жәнібековтің композициялық мүсіні тұрғызылды. Алайда саябақ ішіне орнатылған мүсіннің тастақтаның үстіне тұғырсыз қойыла салғаны, тіпті тұлғаның аты-жөні жерге жазылғаны, туған, қайтыс болған жылдары көрсетілмегені жөнінде қоғамда біраз пікір қайшылығы болған еді. Сәулетші ретінде бұған не дер едіңіз?

– Шымкент қаласында соңғы кездері орнатылған ескерткіштер туралы өз пікірімді білдіру – азаматтық және кәсіпқой сәулетші ретінде тікелей борышым. 40 жылдық шығармашылық өмірімде қаламызда, басқа да өңірлерде орнатылған ондаған ескерткіштің сәулеттік жобаларын жасадым. Бағасын халық берер, дегенмен ескерткіш орнатудың өзіндік ережелері мен канондары бар. Ең бастысы, қандай ескерткіш қайда орналасуы керек, қоршаған ортаның табиғи бөлігіндей сіңісіп кете ме, соған айрықша көңіл бөлу қажет. Бұл мәселе жеке орындаушы мен әкімнің ғана шешімімен емес, көп талқысынан өтіп, арнайы комиссияның ұсынысына сәйкес қала әкімі немесе мәслихаттың шешімімен жүзеге асырылады. Орналасу орнын қаланың бас сәулетшісі бекітуі керек, өйткені қаланың бас жоспарын тікелей қадағалаушы, және өзгерістер енгізуге жауапты адам сол. Шымкентте жақында орнатылған ескерткіштердің осы тәртіппен орнатылғанына күмәнім бар. Өйткені қала әкімі жанындағы сәулетшілер кеңесі жойылған. Жер комиссиясына Сәулетшілер қауымдастығының төрағасын қосу туралы әкімнің орынбасары М.Айманбетовке жазған хатымыз жауапсыз қалды. Ескерткіштерді орнату жөнінде комиссия құрылғанын естімедім. Есесіне жалпы халықтың көңілінен шыға бермейтін дүниелер көбейіп жатыр. Мемлекет қайраткері Ө.Жәнібековке, Алаш көсемдеріне орнатылған ескерткіштерді құптаймын. Өте дұрыс, тарихымыз үшін де, болашағымыз үшін де. Алайда белгілі мемлекет қайраткерлеріне ескерткіш қоюдың өз ерекшеліктері болуы тиіс. Ал ел басқарған, мемлекет қайраткерлері, қолбасшылардың мүсіндері үлкен алаңдар мен көшелердің көрнекті жерлеріне, тұғырға орнатылуы тиіс. Қалай болғанда да, жобалау жұмыстары көппен, әсіресе тиісті мамандармен ақылдасып барып шешілсе дұрыс болады.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

Шектен шыққан шектеулер

өскемендік кәсіпкерлер неге өкпелі?

Еркебұлан ДУЙСЕБОЛАТОВ *(коллаж)*

Өткен аптада бір топ өскемендік кәсіпкер облыстық Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментіне наразылығын жеткізіп, өз талабын қойды. Олар өңірдің бас санитариялық дәрігерінің 2022 жылғы 17 қаңтардағы қаулысындағы шектеулерді алып тастауды сұрады.

Әр салада қызмет атқаратын кәсіпкерлер Шығыс Қазақстан облыстық кәсіпкерлер палатасына жиналып, Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Ғалымбек Алинге өздерін толғандырған, шымбайына батқан түйткілді мәселелерді жіпке тізіп, жіліктеп берді.

3 АЙДА
4 БӨЛІМ ЖАБЫЛДЫ

Қоғамдық тамақтандыру саласында қызмет көрсететін бірнеше кәсіпкерлік нысан иелерінің атынан сөз сөйлеген Мұхтар Тойбазаров қазір кәсіпкерлер қиын жағдайда жұмыс істеп жатқанын, бұған дейін де шектеулер көп болғандықтан, қаншама қызметкер, қарапайым тұрғындар табыс көзінен айырылғанын айтты. «Екі ай бұрын ғана жұмысымыз қайта жандана бастап еді. 17 қаңтарда шыққан қаулыдағы «банкет залдары, караоке мен түнгі клуб жұмысына шектеу қойылады» деген сөз көңілімізді су сепкендей басты. 2021 жылдың қарашасында барлық санитарлық талаптарды сақтай отырып Ashyq жүйесімен жұмыс істеуге рұқсат берілді ғой. Біз бұған келісіп, талаптың бәрін орындап, қызметкерлеріміздің барлығына вакцина салдырттық. Қазір оларды табысынан айыру қиянат деп ойлаймын. Біздің артымызда қаншама адам, қаншама отбасы тұр. Ертең олар қалай күн көреді? Жалпы, қит етсе, дәмхана, мейрамхана, қызмет көрсету орындарының жұмысын шектей бергенді қою керек. Бір емес, үш жыл болды. Осы жағдайға бейімделетін кез болды ғой», – дейді кәсіпкер.

Сауда саласында, оның ішінде сауда үйлерін жалға алатын кәсіпкерлер атынан кездесуге келген Елена Чембарысова өзі жұмыс істейтін «Дети» сауда үйінде шектен шыққан шектеулердің кесірінен соңғы үш айда төрт бөлімнің жабылып қалғанына қынжылысын білдірді. «Сіздер сауда үйлеріне демалыс және мереке күндері «көк» статусы бар адамдардың кіруіне шектеу қойып, жұмысымызды тежеп тастадыңыздар. Біздің негізгі тұтынушыларымыз демалыс күндері келеді. Қаладағы ең үлкен деген сауда үйлеріне келіп көріңіздерші. Бір рет болсын көп адамның жиналғанын байқадыңыздар ма? Жай азық-түлік дүкендері мен қоғамдық көліктерде адам толып жүр. Оны көрмейсіздер. Неге сауда үйлері демалыс күндері жұмыс істемеуі керек? Жабыла-жабыла шаршадық, бізге жұмыс істеуге мұрша беріңіздерші. Кейбір сауда үйлерінің бутиктерінде қожайындары сатушыларды қысқартып, орнына өздері келіп жатыр. Қанша адам жұмыссыз қалды. «Мұның соңы жақсылыққа апармайды» деген кәсіпкер «көк» статусы бар азаматтардың құқығы шектеліп отырғанын, көптеген фитнес орталықтағы жаттықтырушылардың табысынан айырылғанын, сондықтан аталған статусқа шектеу қоймау керектігін айтты.

300-ГЕ ЖУЫҚ КӘСІПКЕРЛІК НЫСАН ЖҰМЫСЫН ТОҚТАТТЫ

Өңірдегі кәсіпкерлік саласындағы жұмысшылар кәсіподағының төрайымы Галина Казанцева Шығыс Қазақстанда тек 2021 жылдың қыркүйек айында 300-ге жуық шағын және орта кәсіпкерлік нысаны жұмысын тоқтатқанын, дер кезінде шара қабылдамаса, бұл сандардың күннен-күнге еселене беретінін алға тартты. «Осылай жалғаса беретін болса, шағын және орта кәсіпкерлік нысандарының бірі де қалмайды. Қазір шағын кәсіпорындарды жою процесі жүріп жатқан секілді. Мен кәсіпкерлердің талап-тілегін толық қолдаймын. Егер талаптарымыз ескерілмесе, тікелей ел Президентіне шағымданамыз», – деді кәсіподақ өкілі.

Облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Қанат Мамырбаев 2020 жылғы эпидемиологиялық ахуалмен қазіргі жағдайды мүлде салыстыруға келмейтінін, кәсіпкерлер әлеуметтік жауапкершілікті жақсы сезінетінін, белгілі бір деңгейдегі шектеулермен қызмет көрсетуге дайын екенін, ең бастысы оларға жұмыс істеуге мүмкіндік беру қажет екенін жеткізді. Бизнес өкілдері бас мемлекеттік санитариялық дәрігердің 2022 жылғы 13 қаңтардағы қаулысы негізінде жұмыс істеуге рұқсат беруді сұрады.

Түйін:

Бет қатталып жатқанда, облыстық кәсіпкерлер палатасы осы мәселеге қатысты жағымды жаңалықты хабарлады. Өскемендік кәсіпкерлердің жанайқайы қала, облыс басшылығына жетіп, Шығыс Қазақстанда бірқатар карантин шектеуі жеңілдетілді. Кәсіпкерлердің өтініші бойынша дәмхана, мейрамхана, түнгі клуб, караоке бар, бильярд және банкет залдарының жұмыс уақытына қатысты шектеу алынып тасталды. «Банкет залдары үшін адам саны 100-ден аспауы қажет. Түнгі клубтар үшін жалпы жобалық сыйымдылықтың 70 пайызын, караоке барлар үшін 50 пайызын құрайды. Осылайша, кәсіпкерлер өз қызметін жалғастырып, жұмыс орындарын сақтауға мүмкіндік алады» делінген Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің таратқан мәліметінде.

Азамат ҚАСЫМ,
Шығыс Қазақстан облысы

Қарағанды қаласында сынға көп ұшырайтыны – жолаушылар тасымалын ұйымдастырушылар. Болмаса автобуспен жарысып, апатқа ұшырайды. Сонымен қатар тасымал сапасына мін де жетерлік...

Қарағандылық жолаушылар кімге наразы?

Былтыр қазан айында «Дизель отыны автобекеттерде бар, ал оны сатып алуға ақша жоқ» деген сылтаумен Қарағандының № 3 автопаркінің қалааралық автобустары рейске шықпаған болатын. Облыс орталығындағы жолаушылар қатынасының 80%-ын жүргізетін жекеменшік ұйым осылайша биліктен субсидия көлемін арттыруды талап етті. Автопарк пен әкімдіктің бұл дауынан қала маңындағы 7 бағытқа қатынау қиындады. 7 қала мен ауданның жолаушылары осылай таңсәріден жұмысқа жете алмай әбігерге түсті. Автобустарды сағаттап күткен кейбіреуі соңында тиіп тұрған жерге 3 мың теңгеге такси жалдауға мәжбүр болған.

Сол уақытта №3 автопарк директоры Артур Григорян:

«Жанармай алатын ақшамыз болған жоқ. «Біздің табысымызды уақытылы төлесін!» – деген талап қойып отырмыз. Сондай-ақ қосымша қаржы бөлу мәселесін де біржақты етсе. Әзірге бұл сұрақ та шешімін тапқан жоқ. Бар жасаған көмектері – қарызға жанармай тауып берді. Әзірге жұмыс істей береміз, алдағы уақытта қаржы мәселесін шешуге уәде етті», – деп барлық кінәні облыс әкімдігіне итере салды.

Ал Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының бөлім басшысы Қазбек Мақышев:

«Субсидиялау көлемін ұлғайту бойынша шаралар, мүмкіндіктерді қарастырып отырмыз. Автопарк басшылығымен жүргізілген келіссөз нәтижесінде тоқтап қалған бағыттардың жұмысын қайтадан қамтамасыз етеді деген ақпарат алынды. Автопарктермен бірлесе отырып, мұндай жағдайдың әрі қарай болмауына жол бермейміз» деген болатын.

Дегенмен осы және басқа халықтың наразылығы аймақ басшысының құлағына жетсе керек. Қарағанды облысының әкімі Жеңіс Қасымбек Қарағанды мен Теміртау автопарктерінен жолаушылар тасымалының сапасын жақсартуды талап етті. «Сервис деңгейі жоғарылағаннан кейін ғана субсидияларды ұлғайту мәселесін шешуге болады», – деді өңір басшысы өңір әкімдігінде өткен онлайн кеңесте.

– Жолаушылар тасымалы сапасына қатысты шағым өте көп. Адамдар әлеуметтік желілерде жиі жазады. Маған тәртіп орнату туралы өтініштер келеді. Автобустардың жетіспеуіне, кестенің сақталмауына, жүргізушілер мен кондукторлардың дөрекілігіне, санитарлық талаптардың бұзылуына шағымданады, – деп атап өтті Жеңіс Қасымбек.

Қарағандыдағы ең ірі тасымалдаушының өкілі де бұл шағымдармен келісіп отыр.

– Қызмет көрсету мәдениетіне келетін болсақ, біз мұны білеміз. Күн сайын, ай сайын біздің кәсіпорын бойынша 50-ге жуық шағым түседі. Олардың санын азайту керек, – деді № 3 автопарк директоры Артур Григорян. Сондай-ақ ол кәсіпорынның бірқатар мәселесін атап өтті.

Артур Григорянның айтуынша, маршруттарда жүргізушілер жетіспейді. Көбі жоғары ақы төленетін орындарға барады. Сонымен қатар пандемия жолаушылар ағынының азаюына әкеліп соқты, амортизациялауға кететін шығын өсті. Мемлекеттен бөлінетін субсидия жетіспейді.

Жүргізушілердің жетіспеушілігі және субсидияларды ұлғайту қажеттілігі туралы Қарағанды мен Теміртаудың басқа тасымалдаушылары да айтты.

– Біз субсидияларды көбейтеміз. Бірақ сіздер сапалы қызмет көрсетіңіздер және автобустарды жаңарту бойынша міндеттемелер алыңыздар! – деп талап етті Жеңіс Қасымбек.

Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының мәліметінше, 2021 жылы Қарағандыдағы бұл автопарк отандық өндірістің 40 жаңа автобусымен толыққан.

Кеңесте сондай-ақ электронды төлем жүйесін енгізу туралы айтылды. Қарағанды әкімі Ермағанбет Бөлекпаев 160 мыңға жуық ONAY картасы сатылғанын хабарлады, оларды сататын 93 нүкте жұмыс істейді. Оның айтуынша, қолма-қол ақшасыз төлем бүгінде айналымның төрттен бір бөлігін құрайды.

Ал осы ONAY жүйесіне де оңай болмайтын сыңайлы. Осы тоқсанда толығымен қосылып, «кондукторлар қысқартылуы мүмкін. ONAY компаниясының басшылығы оларды тиісті тексеруден өткізіп, тексеруші қызметіне жұмысқа аламыз» дейді. Бірақ санына шектеу бар. Алда тағы бір даудың болары сөзсіз...

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы

e-mail: aikyngazeti@gmail.com www.facebook.com/aikyn.kz @aikyngazeti

Бейжіңде көк Туды кім желбіретеді?

Он күннен соң Бейжіңде кезекті қысқы Олимпиада ойындарының алауы тұтанады. Әлемдік жарыста қысқы спорттағы ең үздік деген спортшыларымыз сынға түседі. Осы жолы ел үмітін кім ақтауы мүмкін?

Абылайхан ЖҰМАШ

Еркебұлан ДУЙСЕБОЛАТОВ *(коллаж)*

Шаңғы жарысы бойынша 30 жолдама қоржында. Фристайлшылар 9 жолдамаға ие болды. Соның ішінде могул бойынша 5, акробатика бойынша 4 жолдама бар. Конькишілер мен биатлоншылар 12, шорт-трекшілер 9 жолдаманы қоржынға салды. Тау шаңғысы мен шаңғымен тұғырдан секіру спортынан ел құрамалары 4 жолдамадан еншілесе, шаңғы қоссайысынан отандық спортшылар 2 лицензияға иелік етті. Осы орайда айта кетейік, еліміздің атынан скелетон, мәнерлеп сырғанау, фристайлдың кейбір түрлері, бобслей, керлинг, сноуборд жарыстарынан Олимпиадаға спортшылар бармайды. Бұған дейін Қазақстан атлеттері қысқы Олимпиада және Паралимпиада ойындарында жалпы 2 алтын, 4 күміс және 4 қола медаль олжалағанын атап өткен жөн.

Мемлекет басшысы жуырда Бейжің қаласында өтетін XXIV қысқы Олимпиада және Паралимпиада ойындарының барша спортсүйер қауым үшін айтулы оқиға екеніне тоқталып, Қазақстан осы сайысқа ең үздік спортшыларын аттандыратынын атап өтті.

«Дүбірлі додада ел намысын қорғау – мәртебелі міндет әрі зор жауапкершілік. Біздің спортшыларымыз Олимпиада ойындарында талай рет жеңіс тұғырына көтерілді. Көк Туымызды желбіретіп, Әнұранымызды әуелетті. Сондай сәтте әрбір азаматымыздың кеудесін мақтаныш сезімі кернейтіні сөзсіз. Сіздер алдағы сайыста халқымыздың сенімін ақтайсыздар деп сенемін», – деп жігерлендірді Президент Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жарыс алдында кімдерге сенім артамыз, қай спортшылар ел қоржынына жүлде салуы мүмкін деген сан түрлі сауал туындайтыны анық. Бұл ретте алдағы айтулы сында бақ сынайтын Нұрбергеннің өзі спортшыға ең бірінші кезекте жүлдені емес, жарыста сәтті өнер көрсетуді ойлағаны жөн деп есептейді.

– Ең басты кеңесім – медаль туралы мүлде ойламау керек. Бізде жаттығу кезінен бастап «медаль, медаль» деп құлаққа құя бастайды. Бұл – психологиялық тұрғыдан үлкен жүк. Талай жыл ірі жарыстарға қатысып, әлем үздіктерін бақыладым. Олар медаль аламын деп ойламайды, олар келесі кезеңге өтуім керек деп мақсат қояды. Шорт-тректе финалға шыққанға дейін қаншама кезең бар? Міне, соның бәрінен өтіп, финалға жеткен соң ғана медальға таласу қажет. Әрине, түсінемін, жанкүйер үміті бар, бапкерлердің, басшылардың талабы бар. Бірақ спортшы, ең алдымен өзінөзі жеңіп, психологиялық тұрғыда дайын болғанда, жүлде де, жеңіс те келеді, – дейді шорт-тректен Қазақстан командасының жарқын өкілі, екі бірдей Олимпиадада ел намысын қорғаған Нұрберген Жұмағазиев.

Ал спорт журналисі Фараби Әбдіхалық құрама сапында жүлдегер атануы мүмкін деген қос спортшының есімін айтты.

– 2018 жылғы Олимпиаданың қола жүлдегері Юлия Галышевадан (фристайл-могул), Жанбота Алдабергеновадан (фристайл акробатика), шорт-трек және конькимен жүгіруден сынға түсетін спортшылардан медаль күтемін. Болжамымды спортшылардың әртүрлі әлемдік жарыстардағы өнер көрсету нәтижелеріне ғана негіздеп жасап отырмын. Бейжіңде ерлер арасында мықты могулистер де өнер көрсетеді. Қазақстандықтар Павел Колмаков пен Дмитрий Рейхерд тек ұлттық құраманың ғана емес, 2022 жылғы Олимпиадаға қатысушылар арасында фавориттердің санатында, – дейді ол.

Біздің есебімізше, конькимен жүгіруден төрт құрлық чемпионы Екатерина Айдова жүлдеге қол созуы мүмкін. Ол алғаш рет 2010 жылғы Ванкувер Олимпиадасына қатысты, кейін Сочи-2014 және Пхенчхан-2018 ойындарында ел намысын қорғады. 30 жастағы Айдова үшін Бейжің ойындары өз мансабындағы төртінші Олимпиада болмақ. Тәжірибелі спортшы конькимен жүгіруден әлем кубогы кезеңінің, 2017 жылғы Универсиада ойындарының жүлдегері, 2021 жылғы төрт құрлық чемпионатының жеңімпазы. Ал тағы бір тәжірибелі спортшы Абзал Әжіғалиевтің еншісінде шорт-тректен әлем кубогы кезеңдерінің барлық жүлдесі бар, 2017 жылғы Универсиада, 2011 жылғы Азия ойындарының медалі де қоржыннан табылады. Абзал 2014 және 2018 жылдардағы Олимпиадада да бақ сынады.

Фристайл-могулдан Бейжің төрінде Юлия Галышева мен Дмитрий Рейхердтен жүлде күтетіндер көп. Қос спортшы да талай әлемдік додаларда ел қоржынына жүлде салған. Бұл жолы да ел мерейін асқақтатып, көк Туымызды көкте желбірету үшін тер төгеді. Фристайл-акробатикадан Қазақстан командасының үздігі Жанбота Алдабергенова басты назарда. Ол – Қазақстан сапындағы тәжірибелі спортшылардың бірі.

Абзал Әжіғалиевтен бөлек шорт-тректен Денис Никиша, Әділ Ғалиахметов жүлдеге таласады деген үміттеміз. 500 метрге жүгіруден Денис өзін жақсы сезінеді, әлем кубогы кезеңдерінде жүлдеге ілігіп жүр. Абзал команданың көшбасшысы, ал Әділ жастығына қарамастан жоғары орындардан көрінген спортшы. Ол 500, 1 000, 1 500 және 3 000 метрде жақсы өнер көрсетіп жүр. Биатлоннан Галина Вишневская бүгінде команданың үздігі саналады. Сондықтан аталған спорт түрінен жүлдегер атануы мүмкін саңлақтарды атағанда ең бірінші ойға осы спортшы оралады.

Ресейлік «Спорт экспресс» газетінің сарапшылары Қазақстан екі алтын, бір қола алады деп топшылап отыр. Sportsmyriad.com порталының болжамына қысқаша тоқталар болсақ, олар Қазақстан кем дегенде екі медаль алады деп есептейді. Бұл болжам ғана.

Әрине, әрбір спортшы жетістіктің шыңы саналған Олимпиада медаліне ұмтылады. Ал біз олимпиадашыларымыздың кез келген жетістігіне қуанамыз. Олимпиада тарихында есімдері алтын әріппен жазылған Владимир Смирнов, Людмила Прокашева, Елена Хрусталева, Денис Тен және Юлия Галышева сияқты спортшыларымыздың жеңісті жолын жалғарына сенеміз. Дүйім жұрт көз тіккен аталмыш додада жарысқа түсетін спортшылар соңғы жаттығуларын өткізіп, дайындықтарын пысықтап, дайын тұр. Кімнің бабы, кімнің бағы шабары уақыт еншісінде. Қазақ елінің спортшыларына сәттілік серік болып, жеңіс туын желбіретіп, жанкүйерін қуанышқа бөлесе екен деп тілейміз.

Тарихта «Қаңтар қасіреті» деген атпен қалатын оқиға қазақстандықтардың жүрегінде мәңгі қалары сөзсіз. Қиын күндер артта қалды. Десе де, түрлі тәртіпсіздіктер мен зобалаңды көзбен көрген алматылықтардың бұл оқиға жадынан өшпек емес. Біз сұхбаттасқан тұрғындардың қай-қайсысы да мұндай қорқынышты жағдай енді қайталанбауын тілейтінін айтты. «Бұдан барлығымыз мықтап сабақ алуымыз керек» дегендері де бар.

«Қаңтар қасіреті» ҚАЙТАЛАНБАСЫН...

Бақыт ИСАЕВ, *зейнеткер:*

–Тәуелсіз ел болған 30 жылдығымызда мұндай қиын жағдай ойымызға кіріп-шықпаған дүние болды ғой. Барлығымыз жай шеруге шығады деп ойладық. Бұл қанды жағдай жүрекке ауыр тиді. Қиыраған, өртенген нысандар. Қалалық әкімдіктің ғимараты да отқа оранып, жарамсыз болып қалды. Қаншама адам ажал құшты.

Жасымыз 70-тен асқанда мұндай жағдайды көзбен көру қиын екен. Өрімдей жас балаларымыз барды да, арандатудың құрбаны болып кетті. Қазақта «іштен шыққан жау жаман» деген сөз бар. Әсіресе, сол күндердегі белең алып кеткен ұрлық-қарлық елдігімізге сын. Өзімізді өзіміз тонағанымыз ұят болды. Бүтін тұрған қаншама мүліктерге залал келді. Бүлінген нысандар мен өзге де жағдайларды қалпына келтіруге жұмыс атқарылып жатыр. Уақыт өте келе бәрі қалпына келер деп үміттенеміз.

Өткен нәрсе өтті. Енді бұдан ел болып сабақ алуымыз қажет. Жастарымызды өз елін, қаласын сүйетіндей етіп патриоттық тәрбиеге басымдық беруіміз керек деп есептеймін.

Алмаз ОРАЗАЛИН, *қала тұрғыны:*

– Менінше, бәрі бейбіт түрде басталған сияқты еді. Өзім басы-қасында болған жоқпын. Пайымдауымша, тұрғындар 4 қаңтар күні кешкісін Жаңаөзендегі газдың негізсіз көтеріліп кеткеніне наразы топты қолдау мақсатында шықты. Барлығы демократиялық жолмен бейбіт шеру болуы керек еді. Өкінішке қарай, арты жаппай тәртіпсіздікке ұласып кеткені дұрыс болмады. Кесірінен қаншама нысан тоналды, қирады, осының бәрі сол бас-аяғы екі-үш күнде болды. Осы қалада туып-өскенмін. Әдемілігімен әлемді таңғалдырған қаламыздың біраз сұрқы да кетіп қалды. Қалай болғанда да бейбіт мақсатта шыққан халықты сырттан келген баз біреулер азғырғаны рас деп ойлаймын. Оны Президентіміз де алғашқы күндердегі мәлімдемесінде айтты. Ендігі ойым, жалпы елімізде мұндай сұмдық қайталанбаса екен. Қаламыз бұрынғы әсем қалпына тезірек қайта оралсын деп тілеймін.

Қалампыр ІЗБАЛАЕВА,
қала тұрғыны:

– Ол күндерді еске алудың өзі қорқынышты. Қаншама адам оққа ұшты, жарақат алды. Әсіресе, жастарға обал болды. Бейбіт түрде басталған шеру бейбіт түрде тарауы керек еді. Алғашында бәріміз де солай ойладық. Жаңаөзендегідей халық талабын айтып, жергілікті билікпен бір келісімге келу арқылы тарайтын болар деп сендік. Арты адам айтса, нанғысыз топалаң болып кетті ғой. Қаншама әскерілеріміз бен полициямыз зардап шекті. Қаңғыған оқ тиген қаншама бейбіт тұрғын бар. Лаңкестердің әрекеті ешқандай ақтауға келмейтін айуандық деп есептеймін. Әсіресе, екі полицейдің басын кесіп алғанын естігенде жүрегім қан жылады. Өзім де алты баланың анасымын. Ол боздақтар да өзіміз сияқты атананың баласы ғой. Марқұмдардың иманы саламат болсын. Барлық қираған, бүлінген дүние орнына келер, бірақ жазықсыз көз жұмғандар қайтып келе алмайды. Біраз күн мең-зең болып жүрдім. Ендігі айтарым, Құдай қазаққа мұндай сынақты қайтіп бермесін.

Нұрболат АДЫРБЕК,
Алматы

Ақмоладағы «денсаулық» жыры

Бас ауырып, балтыр сыздаса, дәрігер іздеп, жанталасатынымыз белгілі. Бірақ бүгінде ақмолалық жұртшылыққа жаны қиналса да, ақ халаттыларды шақыру мүмкін болмай қалған. Тұрғындардың айтуынша, дәрігерлерді не үйге шақыра алмайды, не жедел жәрдемге телефон шала алмайды. Емханаларға қоңырау шалса, мүлде көтермейді. Ал Damumed қосымшасы арқылы дәрігердің қабылдауына жазылғанымен, ешкім іздеп келмейді. Тіпті, жедел жәрдемге қоңырау шалу мүмкін емес... Ал телефон көтерсе де, науқас қандай қиын жағдайда болғанымен, 2-3 сағатсыз жетпейді. Осылай деп арызданған жұрттың қарасы қалың болып тұр.

Елдар ҚАБА *(коллаж)*

Облыста дәрігерлер жетіспеушілігі жылдар бойы қордаланған күрделі мәселе. Өңірде жалпы тәжірибе дәрігерлері, жансақтау бөлімі, педиатр сияқты аса маңызды салаларда жетіспеушілік басым. Кадр тапшылығының алдын алу үшін облыс басшылығы мен тиісті Денсаулық сақтау басқармасы бірталай шара қабылдағанымен, нәтижесі көңіл көншітпейді. Ал саладағы мамандардың жауапсыздығы өз алдына бөлек әңгіме. Мұны тұрғындар әлеуметтік желілерде де жиі айтады.

«Тұмау белгілері пайда болып, бірнеше күн үйде жатып емделмек болғанмын. Бірақ дене қызуым түспей, жағдайым күннен-күнге нашарлай берді. Тіпті, төсектен тұра алмайтын халге жеттім. Содан қалалық орталық емханаға қоңырау шалып, №4 учаскелік дәрігерді үйге шақыртпақ болдым. Сөйтсем, біздің учаскеде дәрігер де жоқ екен. Екі күн бойы дәрігерді шақыртатын тіркеу бөлімінің телефондары да көтермеді. Damumed қосымшасына дәрігерді шақырып, өтінім қалдырғанымның да еш пайдасы болмады. Ақыры 21 қаңтар күні әбден қиналған соң жедел жәрдем шақырттым. Бірнеше сағат бойы қоңыраулатып ала алмадым. Бір уақытта әзер дегенде қоңырауыма жауап берді. Сөйтіп, күндіз төрт шамасында шақырған жедел жәрдем дәрігерлері түнгі он бірден кете әзер келді. ПТР-тесттің нәтижесі коронавирус екенімді анықтады. Қазір дәрігерлердің жазып берген дәрілерін алып, үйде емделіп жатырмын», – дейді Көкшетау қаласының тұрғыны Олеся Цыганова.

АУЫРСАҢ, ИНТЕРНЕТТЕН ҚАРАМАДЫҢ БА?

Дәрігер жетіспеушілігі мен жауапкершіліктің аздығы облыс аумағында да тұтастай күрделі мәселеге айналған. Телефоны мүлде жұмыс істемейді. Ал «қатты ауырсаң да дәрігер келмейді, барсаң жөндеп қабылдамайды» дейтіндер көп. Мәселе балалар ауруханасында да аса өршіп тұр.

«Үш жастағы балам қатты жөтеліп, тыныс алуы қиындап, жедел жәрдем шақырдым. Телефон көтермейді. Әзер дегенде қабылдады. Бір-екі сағаттан соң келген фельдшер баламды қарап, ларингит дертіне шалдыққанын айтты. Гормонды дәрі егуді, яғни ауруханаға апаруды ұсынды. Өзіміз апаратынымызды айттым. Бала қатты ауырған соң түнгі төртте ауруханаға өзіміз алып келдік. Дәрігер «Ларингит болса, интернеттен не істеу керегін өзің қарамадың ба?», – деп дүрсе қоя берді. Көмек сұрап келген бізді қарау тұрмақ, тыңдаған да жоқ. Өзін тәжірибелі инфекционист дәрігер деп таныстырды. Дәрігердің осындай қарым-қатынасына қатты ашуландым. Алайда балам қатты ауырып тұрған соң дауласып тұра алмадық. Осындай дәрігерлерді қалай жұмысқа алады екен?», – дейді Кристина Багинская.

МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУДЫ НЕ ҮШІН АЛАДЫ?

Дәрігерлердің жетіспеушілігі мен жауапсыздығы жүкті әйелдерге де зор қиындық тудырған. Босанғанынан кейін айлап уақыт өтсе де, декреттік жәрдемақысын ала алмай жүргендер көп.

«Емханаға қоңырау шалу мүмкін емес. Үйге дәрігер шақыру дегенің құр далбаса! Онымен қоймай ай сайын медициналық сақтандыру үшін ақша алғылары келеді. Ал медицинамыздың қазіргі деңгейі адам шошырлық. Медициналық жарна төлетуді қолға алды. Бірақ емханалар мен ауруханалардағы бейберекетсіздікті ұмытып кеткен. Келінімнің босанғанына бір айдан асып кетті. Бірақ бүгінге дейін декреттік жәрдемақы ала алмай жатыр. Біз тіркелген VIAMEDIS ЖШС-да бас дәрігер жоқ. Бухгалтериясы елордада болып шықты. Ал мұнда бір кабинеттен екінші кабинетке сілтейді. Бірақ әлі еш нәтиже жоқ», – дейді қала тұрғыны Диана Ілиясова.

ӨҢІРДЕ 280 ДӘРІГЕР ЖЕТІСПЕЙДІ

Осыған орай облыстық Денсаулық сақтау басқармасының пікір білдіруін сұрадық. Басқарма басшылығы қазір коронавирустың тым көбейгенін, сондай-ақ өңірдегі дәрігер тапшылығының салдарынан осындай қиындық туып отырғанын айтады.

«Қазір ковидпен ауырған науқастар саны күрт өсіп кетті. Облыс бойынша ауруханада жатқан науқастардың жалпы саны 600 адамнан асты. Сондай-ақ 538 адам үй карантинінде болса, 6 436 адам амбулаториялық ем қабылдап жатыр. 28 адамның жағдайы аса ауыр. Сондықтан жедел жәрдем дәрігерлері де, мобильді бригадалар да қатты ауырған науқастарға барғандықтан, жылдам жете алмайды. Телефон қоңырауына да дереу жауап беру мүмкін болмай қалады. Сондықтан мүмкіндікті пайдаланып, халықты вакцинациядан өтуге шақырамын. Бұл – ауруды ауыздықтаудың жалғыз жолы. Бұған қоса, облыста дәрігерлер тапшылығы бар. Бүгінде өңірде 280 дәрігер жетіспейді. Оның ішінде жалпы тәжірибелік дәрігерлер, жансақтау бөлімі дәрігерлері аса қат болып тұр. Елімізде медициналық білім беретін алты жоғары оқу орнының студенттері сол жерде жұмыс істеуге қалып қояды. Дегенмен шақырту арқылы жыл сайын дәрігерлерді қабылдап жатырмыз. Жаңадан науқастардың өтініштері мен арыз-шағымдарын қабылдайтын Call-орталық ашылады. Шамамен алдағы ақпан айында жұмысын бастамақ», – дейді Ақмола облысы Денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Нұрлан Шағыров.

P.S.

Сонымен, «Бірінші байлық – денсаулық» десек те, аталған саладағы кемшін тұстар азаяр емес. Халықтан медициналық сақтандыруға қыруар қаражат ұсталғанымен, тегін медициналық көмектің берілуі көңіл көншітпейді. Мамандар тапшы, жауапкершілік жетіспейді. Қарапайым жұрт қиналса да, көп жағдайда ақылы медицинаға жүгінуді көбейткен. Мәселе қалай шешімін таппақ? Тиісті Денсаулық сақтау министрліктері мен басқармалар жағдайды реттеуді қолға алуы тиіс деген ойдамыз...

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

NUR MEDIA
AIQYN
Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор – **Бақытжан ТҰРЛЫБЕКОВ**
Бас редактор – **Нұрмұхамед БАЙҒАРА**
Амангелді ҚҰРМЕТ – Бас редактордың бірінші орынбасары
Гүлзина БЕКТАС – шығарушы редактор
Асқар БЕК – веб-сайт редакторы
Елдар ҚАБА – секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Нұрболат АДЫРБЕК – Алматы қаласы
Тұрсын ЖҰМАБЕККЫЗЫ – Атырау облысы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Роза ШӘКЕН – Солтүстік Қазақстан облысы
Азамат ҚАСЫМ – Шығыс Қазақстан облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8 (777) 310 22 54, 8(7172) 72-95-39
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 4 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4062
Алматы қ. «Дәуір» Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй
Нұр-Сұлтан қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Нұр-Сұлтан қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Нұр-Сұлтан қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
• «Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор – Шынболат КҮЗЕКБАЙ